

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Қосымша білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби бағыттылығын, бейімділіктерін, қызығушылықтарын және мотивтерін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік нұсқаулар

Астана – 2013

Қосымша білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби бағыттылығын, бейімділіктерін, қызығушылықтарын және мотивтерін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік нұсқаулар – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК – Астана, 2013 жыл, - 64 бет.

Әдістемелік нұсқауларда білім алушылардың саналы түрде мамандық таңдауына, қосымша білім беру ұйымдары мен бастапқы кәсіби білім беру ресурстарының кооперациясына, жасөспірімдердің пайдалы жұмыспен қамтылуына, олардың кәсіби бағдарын дұрыс таңдауына ықпал ететін кәсіби бейімділікті анықтау бойынша психологиялық диагностикалар ұсынылған.

Нұсқаулар білім беру жүйесінің педагог қызметкерлеріне арналған.

Рецензенттер:

Жексенбаева Ү.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры;

Еркінбекова М.А. – психология ғылымдарының кандидаты, Қайнар Университетінің доценті.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2013

Мазмұны

Кіріспе	4
1. Білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бейімделудің маңызы	5
2. Кәсіби қалыптасу мен мамандықты таңдаудың қиындығы	8
3. Білім алушылардың бейімділіктері мен қызығушылықтарының диагностикасы	21
4. «Баланың музыкалық қабілетін қалай анықтауға болады?» ақпараттық шолу	22
5. Бейімділіктерді анықтау бойынша тест. Ағаштың суретін салу арқылы анықтау	29
6. «Кәсіби қабілеттілік, бейімділік, қызығушылық» тесті	35
7. «Кәсіби жарамдылық және денсаулық». Тест	40
8. «Ойлау үлгісі» әдістемесі	45
9. «Білімпаз» әдістемесі	47
10. Кәсіби бейімділіктер сауалнамасы	55
11. Қорытынды	62
12. Әдебиеттер тізімі	63

Кіріспе

Кәсіби өсу мен материалды ауқаттылықты қамтамасыз ететін оңтайлы мамандық пен жұмысты таңдау және талғау – қашанда әрбір адамның, әсіресе жастардың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Оның шешілуіне адамның барлық алдағы өмірі тәуелді. Дұрыс таңдауға ие болған мамандық еңбектік және қоғамдық қызметте айрықша жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал етеді, ал еңбек үдерісімен қанағаттану және оның нәтижелері шығармашылықты жоғарғы дәрежеде көрсетуге, ерекше эмоционалды икемделуге, бір ғана адамның, сондай-ақ тұтас қоғамның барлық өмірлік жоспарларын жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда, мамандық таңдау мәселесі көбінесе тура мағынасында, ішкі түйсік деңгейінде, әйтпесе, көңіл-күй, үстіртін әсерлер арқылы, ата-аналардың қисынсыз тілегі, түрлі байқаулар жолымен және қателесудің ықпал етуімен шешіліп жатады. Сонымен бірге, мұндай факторлар есебімен жасалған кәсіби таңдау еңбек нарығының сұранысы, мамандықтың адамға және оның жеке ерекшеліктеріне қоятын талаптары мамандықты ойдағыдай игерудің, еңбек қызметіне үйлесімді кіру, бәсекеге қабілетті кәсіпқой маман қалыптастыру, ең ақырында жайлы отбасы жағдайының маңызды шарттары болмақ.

Ғалымдардың есептеулері бойынша мамандықты дұрыс таңдау кадрлар тұрақсыздығын 2-2,5 есе азайтады, еңбек өнімділігін 10-15%-ға арттырады және кадрларды оқыту құнын 1,5-2 есеге азайтады.

Оқушылар алдындағы мамандық таңдау мәселесі қашанда тұратыны сөзсіз. Ал қазіргі уақытта қоғамымызда болып жатқан өзгерістерге байланысты бұл мәселе ерекше өзекті болып отыр. Қазақстан экономикасының құрылымдық қайта құрылуы, нарықтық қатынасқа көшу тұлғаның кәсіби қызметіндегі өзін жүзеге асыруы мәселесі жаңа тәсілдер қажеттілігін талап етуде.

Мектептегі кәсіптік бейімділік жұмыстарының теориясы мен практикасының сараптамасы оның жүзеге асырылуындағы кейбір олқылықтардың байқалатындығын көрсетеді:

- оқыту мен тәрбие берудің жалпы үрдісінен айтарлықтай қол үзіп қалу; тұрақты, мақсатқа бағытталған жұмысты өзара байланыспаған, әсіресе оқытудың аяқталу кезеңіндегі іс-шаралар өткізумен айырбастау;

- абстрактілі ағартушылық пен мағынасыз әдебиет;
- практикалық қызмет пен еңбек тәжірибесінің жетіспеушілігі.

Осының барлығы мамандық таңдауға немқұрайды қарау, оның жеңіл меңгерілуі, жеңіл орындалатын келешек еңбек пен өмірлік игіліктерге қол жеткізу мүмкіндігінің тапшылығы, кәсіби өзін анықтаудағы селқостық сияқты жағымсыз көріністердің күшеюіне себепші болды.

Еңбек жөніндегі аймақтық органдардың мәліметтері бойынша бірінші ондықты негізінен қолөнершілер мен қызмет көрсету саласы мамандықтары тапшы мамандықтардың болжалды тізімін құрайды. Алайда, мектеп түлектері заңгер, экономист, менеджер мамандықтарын таңдаулы қолданысқа лайықты деп бірнеше жылдар қатарынан бірінші орынға қойып келеді, сонымен бірге оқушылар көптеген жаңа мамандықтар туралы ақпараттан мүлдем бейхабар, сондай-ақ дәстүрлі мамандықтардың өздері елеулі өзгерістерге ұшырауда.

Мектеп бітірушілерінің көпшілігінің айқын өмір болашағы жоқ, 30 %-дан астамы әлеуметтік қорғаныссыздық сезімі сияқты күйзелістік жағдайда жүреді. Кейінгі жылдары орта арнайы және жоғарғы оқу орындары түлектерінің жартысынан астамы кәсіпорындар мен ұйымдар сұранымсыздығына ұшырап, мамандықтан тыс жұмыстар істеуге мәжбүр болуда.

Бұл әдістемелік нұсқаулар осы қызметті арнайы ұйымдастыру есебінен оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үрдісін жандандырудағы сынып жетекшілеріне, психологтарға, қосымша білім педагогтарына көмек көрсетуге бағытталған. Кәсіптік бейімделу жұмысындағы жүйелілік пен сабақтастық сияқты әдістемелік ұстанымдарға бағынатын мазмұндағы әр алуан материал ұсынылады.

1. Білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бейімделудің маңызы

Қоғам барлық уақытта да өскелең ұрпақты әлеуметтік және кәсіби тәжірибемен қамтамасыз етіп келеді. Адамзат өмір сүруінің бастауы кезінен бұл тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп отырған. Өндірістің дамуына орай әр түрлі мамандықтарға қызметкерлер іріктеудің ғылыми негіздерін әзірлеу қажеттілігін туғызған адамға қойылатын талаптар да артты.

Кәсіптік бейімдеудің мақсаты – өскелең ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау. Ол үшін оқушылардың мамандық таңдауға байланысты әлеуметтік маңызды ішкі (психикалық) тәртібі мен қызмет реттеуіштерін құру; кәсіби өзін анықтаудағы әлеуметтік құнды белсенді қызметінің сыртқы және ішкі жағдайын жасау қажет.

Кәсіби еңбек әлемі туралы білімнің жетіспеушілігі, сондай-ақ қандай да бір кәсіби қызметтің өз бейімділіктерін тексерудің шектеулі тәжірибесі арқылы кәсіби жолды таңдау, оны жүзеге асыру кезінде оқушыларға қиындық туғызады. Оқушыларға кәсіптік жолды таңдау туралы өз бетінше бірінші шешім қабылдау қажеттілігі жүктелген, әйтсе де мұндай жағдайға олар жиі дайын болмай жатады. Сол себепті де оқушылар кәсіптік бейімделу мәселелері бойынша басшылық пен мамандар көмегіне мұқтаж болады. Әрбір оқушыны саналы түрде еңбектік өмір жолын таңдауға психологиялық және педагогикалық тұрғыда жетелеу жеке әлеуметтік-ұйымдастырушылық кәсіптік бейімдеу жұмысы үрдісінде жүзеге асыру мүмкін болады.

Бұл ретте оқушылардың кәсіптік бейімделу кабинеті жұмысын құруды талап ететін негізгі бөлім – кәсіптік бейімделуді басқарудың ғылыми-негізді жүйесін құрып алмайынша, білім беру ұйымдарында бейінді және бейіналды дайындықты жаңа сапалы деңгейге көтеру мүмкін емес. Өкінішке орай, қазіргі кезде мектеп психологтарының негізгі жұмысына байланысты жұмысбастылығынан барлық білім беру ұйымдарының мұндай кабинет пен осы бағыт бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, кәсіптік бейімделудің оқу-әдістемелік кабинеттері балаларға қосымша білім беру аймақтық орталықтарының базасында құрылады.

Заманауи қоғамда жалпы білім беретін орта оқу орындары түлектерінің ойдағыдай кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау мәселесі күннен-күнге өзекті болып келеді. Мектеп қабырғасындағы кәсіптік бейімделудің маңызды аспектісі – білім алушылардың қабілеттіліктері мен қызығушылықтарын, сондай-ақ қоғам қажеттіліктерін есепке ала отырып, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бейімделудің мәні оның қызметі арқылы айқындалады. Кәсіптік бейімделудің негізгі қызметі оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек көрсету болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы басты мақсат

оқушылардың саналы түрде және өз бетінше ішкі дайындығының қалыптасуымен, өз кәсіби дамуының болашағын жүзеге асыруымен сипатталады. Кәсіптік бейімделу білім алушылардың кәсіби ағартушылығы мен кеңес алуын қамтамасыз етуге, сол немесе өзге де мамандыққа деген кәсіби қызығушылығы мен бейімділігін оятуға шақырады.

Кәсіптік бейімделудің үш кезеңі:

I. Бірінші кезең – пассивті-зерттеулік (алғашқы кәсіби таңдау кезеңі) – 1-7 сынып оқушыларына арналған. Оның мақсаты – оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттіліктерін дамыту, төменгі сынып оқушылары мен жасөспірімдердің әр түрлі қызмет саласындағы өзін-өзі белсендендіру аясын дамыту, балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы қажеттіліктерін қалыптастыру.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін қосымша білім беру үйірмелері мен факультативтер қажет. Оқушыларды ұжымдық қызмет жұмыстарына қызықтыру, мүмкіндігінше ата-аналармен әр түрлі үлгіде жұмыстар жүргізетін маман иелерімен кездесулер ұйымдастыру. Оған қоса, портфолио мен жетістіктер папкасын жинақтап, төменгі сынып оқушылары арасында кәсіби қызығушылықтар саласын анықтау, кәсіптік бейімдеу сыныптық сағаттарында ақпараттық-ағартушылық жұмыстарын жүргізу, 1-7 сыныптарда өнеркәсіптерге саяхат жүргізу.

II. Екінші кезең – белсенді-зерттеу – 8-9 сынып оқушыларына арналған. Оның мақсаты – жас жеткіншектерді нақты кәсіби белгіленген тұлғалық міндеттерді және тұлғалық өзін-өзі анықтауын қалыптастыруға көмек көрсету. (Тұлғалық өзін-өзі анықтау – бұл өз ұстанымын тұлғалық тұрғыда сезіну; кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл таңдалатын, менгерілетін немесе орындалып жатқан еңбектік қызметтегі тұлғалық мән-мағынаны іздеу және табу). Бұл кезеңде 8-9 сыныптардағы сыныптық сағаттарда белсенді ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүргізіледі. Оған қоса ерекше қарым-қатынас пен көңіл бөлуді қажет ететін жасөспірімдерге жеке жұмыстар ұйымдастырылады, тақырыптық ата-аналар жиналысы жасалады, жазғы демалыс кезеңінде оқушылар жұмысқа тартылады.

III. Үшінші кезең – 10-11 сынып оқушыларын кәсіби тұрғыда анықтау. Оның мақсаты – мектеп бітірушілерін лайықты мамандық таңдауға, алдағы уақытта білімдерін жалғастыруға, өмірде өз жолын табуға, қызығушылық, еңбек нарығындағы денсаулық жағдайы мен қажеттіліктеріне дайындау. 10-11

сыныптарда жетекші мотивтерді дамыту қажет, қызықты салалар бойынша практикалық сынақтар, мамандықтардың талаптары мен білім алушылардың мүмкіндіктері арасындағы сәйкестікті анықтау бойынша жұмыстар жүргізу, таңдаудың тұрақты ұстанымын қалыптастыру.

2. Білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бейімделудің маңызы

Оқушылардың кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауы мен әлеуметтік бейімделуі мәселелерін шешуде қосымша білім берудің алатын орны ерекше.

Қосымша білім берудің рөлі – жасөспірімдердің дұрыс таңдау жасауына көмектесу. Сол себепті де қызығушылықтар бойынша сабақтар арасынан бүгінде (автокөлік жүргізу, теледидар мен радиоаппараттарын жөндеу, тоқыма, дизайн т.б.) әр түрлі практикалық бағыттағы курстарды кездестіруге болады. Сонымен қатар, әсіресе жоғарғы сынып оқушылары іскерлік өмірде табыстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін (компьютерді және электронды байланыс құралдарын меңгеру, іс қағаздарын жүргізу, бухгалтерлік есеп т.б.) білімді игереді. Өзінің потенциалдық қабілеттілігін аша отырып, оларды мектептік өмірде-ақ жүзеге асыруды байқап көре отырып, мектеп бітіруші қоғамдағы шынайы өмірге ерекше дайын болады, өркениетті, адамгершіліктік амалдарын таңдай отырып, алға қойылған мақсатқа жетуді үйренеді.

Қосымша білім беру ұйымдарында кәсіби бейімделу жұмыстарын дұрыс жолға қою, мамандықты дұрыс таңдауға қажетті қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін мұқият есепке ала отырып, тұлғаның диагностикалық зерттеуін ұйымдастыруды да қамтиды. Осыған ұқсас білім алушылардың индивидуалды психологиялық қасиеттерін зерттеу мен сараптауға бағытталған кәсіптік бейімделудің «диагностикалық тұжырымдамасы» диагностикалық процедуралар үлгісінде жүзеге асырылады. Тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі тексеру жолдарымен таныса отырып, оқушылар мамандықтың бейімділікке және қабілеттілікке байланысты талаптарымен ара қатынасын белгілейді.

Сұхбаттар мамандық таңдау бойынша мақсатты ұсыныстармен, анықталған индивидуалды ерекшеліктерді есепке ала отырып, кәсіби жоспарларды түзетумен үйлесуі тиіс.

Кәсіптік бейімделу жұмысының үрдісіндегі ұсынылған материал сабақтар мен оқыту тәсілдерін ұйымдастырудың әр түрлі үлгілерінде қолданылуы мүмкін: «кұрама сабақтар», «дөңгелек үстел», индивидуалды және топтық әңгімелесу және т.б.

Ұсынылған материалдардың толық кешенін қосымша білім беру ұйымдарында кәсіптік бейімдеу жұмысына жауапты қосымша білім педагогы, психолог, профконсультанттар жүргізуге болатын «курстың» бағдарламасы ретінде ұсынуға болады. Жеке сабақтарды жүргізуге кәсіби оқу орындарының мамандарын, әлеуметтанушыларды, экономистерді, кәсіпорын мамандарын, психологтарды мақсатты жұмылдыру қажет.

Білім алушылардың білуге тиісті білім мен біліктілікті қалыптастыратын сабақтарға ұсынылатын тақырыптардың бірізді жобалы тізімін қарастыруға көңіл аударуды ұсынамыз:

- өзін-өзі кәсіби анықтаудың маңыздылығы;
- кәсіби жоспар құруға қойылатын талаптар;
- мамандық таңдау, кәсіби қызмет ережелері;
- мамандық таңдауға байланысты тұлғаның психофизиологиялық және психологиялық ресурстары туралы;
- интеллектуалды қабілеттіліктер туралы түсінік.

Білім алушылар:

- адам мен қоғам өміріндегі еңбектің мәні мен мағынасы туралы;
- еңбек нарығы туралы көзқарастары қалыптасуы қажет.

Білім алушылар:

- жеке кәсіби жоспар құруы және қажет болған жағдайда оны шұғыл түрде өзгерте алуы;
- кәсіби қызметтің жалпы сипаттары бойынша мамандық туралы ақпаратты сараптау, білім алу жолдары туралы, соның ішінде кәсіби білім алу туралы мәліметтерді қолдана алуы қажет.

Соңғы уақыттарда әлеуметтік-кәсіби бағдар идеясы кеңінен тарады. Бұл білім беру көздерінің әрқайсысының өзіндік бағасы бар және басқалармен қарым-қатынаста тең құқылы. Сол себепті, олардың бірін негізгі, ал басқаларын тұрлаулы деп санауға болмайды. Бұл жүйелердің интеграциясы бүгінде мүмкін болып қана қоймай, білім берудің басты құнды бағдары өзгергендіктен қажеттілікке айналды: білім алушыға сертификатта көрсетілген

нәтижені кепілдендіру емес, жетістікке жету мүмкіндігі маңыздырақ

Балалардың зерттеулік ұстанымдарынан орын алу қабілеттіліктерін дамыту, оларға зерттеу әдістемесін игеруде және алған білімдерін ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында қолдануда көмек көрсету – бұл аспектілер бейінді оқыту мазмұнын қалыптастырудың басымдылығы болуы шарт. Мұндай әдіс бейінді оқытудың өзегі болуы тиіс. Бұл тәсілді жүзеге асыру үшін жобалық және зерттеулік қызмет түрлері қолданылады. Осыған байланысты ұйымдардың желілік нұсқасы жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының базасында зерттеу қызметін қарастырады.

Сұхбаттар материалы баланың кәсіби бейімделуі – бұл кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауға арнайы ұйымдастырылған көмек көрсету, бұл оның бағдарламалау үрдісіне біртіндеп енуі, кәсіби болашақты жоспарлау (кұру).

Жалпы алғанда, сұхбаттар ұсынылған материалды зерттеу білім алушылардың өз беттерінше жұмыс жасауына арналған әр түрлі жаттығулардың көмегімен жүргізілген сабақтарға белсенді қатысуын жорамалдайды.

Кәсіби қалыптасу мен мамандықты таңдаудың қиындығы

Бұқаралық пікіртерімдердің нәтижесі мен білім алушылардың жеке мамандық таңдауда қиындықтарға кез болатындығы және оларға осы тұрғыдан көмек көрсетуді қажет ететіндігін көрсетті. Білім алушылардың көпшілігі мектепті аяқтау кезінде кәсіби қалыптасқан белгілі бір жоспарлары болмайды, ал басқаларында кәсіби жоспар кездейсоқ, айғақсыз болады. Біздің балаларымыз осындай уақытта мамандық таңдау үшін кімнің көмегіне жүгінуі керек? Әрине, балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру педагогикалық ұжымның көмегіне жүгінеді, бұл кәсіптік бейімделу орталығын құру арқылы жүзеге асады.

Кәсіптік бейімделу орталықтары толық басқа білім беру ұйымдарында қамтамасыз етілген бұқаралық сауалнама жүргізуді қолданбауы мүмкін, сонда да көптеген жылдар бойы білім алушыларға өз кәсіптерін өздері шешуге көмектеседі. Алайда, кәсіптік бейімделу орталығына көңіл бөлу дағдылы, дәстүрлі болмайды. Балалардың кез келген бейтаныс адамдардан көмек сұрап жатпайды, кез келген адамның кәсіби тұрғыдағы кеңесі жанына сенімді болмауы мүмкін. Міне, неліктен жасөспірімдер

ата-аналарының көмегінсіз айналып өтпейді, түбегейлі өмірлік тәжірибеге ие болады. Осыған байланысты **жасөспірімдердің кәсіби қалыптасуында қиындық тудыратын кез келген мәселе айқын көмекті қажет ететін қандай көмекті қажет етеді?**

Бірінші қиындық – жасөспірімдердің әлеуметтік шикілігі, өз беттерінше шешім қабылдаудағы дайындықтарының жоқтығы. Өкінішке орай, көп жағдайда отбасылық, мектептік тәрбие баланың өз бетінше жауапты шешім қабылдауға дайындамайды. Мұндай маңызды мамандықты таңдау жасөспірімге еңбекпен, күш-жігермен келетін оларға жүктелген алғашқы жауапты шешім. Ата-аналар мұндай жағдайда балаларының мамандық таңдауына байланысты әр түрлі жағдайға тап болады. Кейбіреулері өздері шешім қабылдайды, қызына немесе ұлына нақты шарттарды орындауға мәжбүрлейді. Қалғандары көмек көрсетуден сырттап қалады да, жасөспірімге толық таңдауға мүмкіндік береді. Жасөспірімге қажеттісі – дайын шешімдер емес, керісінше позитивті мүмкіндік таңдауын жасау және дербестіктің айқындалуы.

Екінші қиындық – мамандықты таңдауға әсер ететін факторларды білмеуі. Жасөспірімге қандай факторлар әсер етуі мүмкін, мамандықты таңдауға ата-аналары көмектесе ала ма?

1. Бірінші неге көңіл аудару қажет дейтін болсақ, - бұл денсаулық жағдайы. Егер де баланың қандайда бір денсаулығында ауытқулар немесе созылмалы аурулар болса, міндетті түрде жасөспірім дәрігермен (терапевт) кеңесуі керек, бұл ауру мамандық таңдауда әр түрлі кедергілерге әкеліп соғуы мүмкін. Тек дәрігер ғана таңдаған мамандық иесінің денсаулық жағдайына сәйкестігі туралы нұсқау бере алады.
2. Мамандық таңдауда баланың қызығушылықтарын, икемділіктерін, қабілеттерін міндетті түрде ескеру керек.
3. Егер мамандық таңдауда тиянақтырақ болса, онда мамандық мазмұнына қызығушылық арта түседі. Мұндай жағдайда кәсіби ниеттер төзімді және кәсіби үйренуге жылдамырақ және тиімдірек болары сөзсіз.

Өкінішке орай, ғалымдардың зерттеулері бойынша тек мектеп бітірушілерінің 40% мамандық таңдаудағы қызығушылықтарын көрсетті. Балалардың қосымша білім беретін ұйымы және ата-аналары өсіп келе жатқан ұрпаққа зейіннің дамуына мүдде мен икемнің құрылуына көмектесе алады.

Қажеттілігі маңызды қызметте үлкен жастағы жасөспірім екенін есте сақтау керек, әлеуметтің мағыналы нәтижесіне, бағытталған жетістігіне, қағида ретінде болады. Еңбек иллюзиясымен қанағаттандырмай және отбасында немесе мектепте де нақты бір іс таппай жасөспірім өзі іздеуге тырысады, бірақ оны әлеуметтік қарсы кеңістікте табады.

4. Тағы бір қажетті фактор, қай мамандықты таңдағанын ескеру керек – экономикадағы кадрлардың қажеттілігі. Қазіргі таңда қандай мамандық еңбек нарығында қалада (ауданда) өте қажетті екенін білуіміз қажет, ал нарық қандай мамандықтарға бай? Қазіргі статистика бойынша 70% мамандықтың еңбек нарығында талап етілуі – материалдық саланың мамандығы екендігін есте сақтауымыз керек.

Тағы бір қиындық, жасөспірім мамандық таңдауда қақтығысатын жағдай – бұл олардың талаптанулары (тым көтерілген немесе төмендетілген) теңбе-тең деңгей, өз бағасының теңбе-тең деңгейінде негізделуі, өзінің қабілеттілігін дұрыс түсінбеуі. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, бұл жастағы жоғары сыныптағы оқушылардың 10% ғана өздерін бағалай алады. Ал 90% үлкендердің кеңесін қажет етеді. Өзін-өзі бағалау мүмкіншілігі – бұл екі фактор өте үлкен мағынаға ие, себебі жасөспірімде қарама-қайшылық туындауы мүмкін. Ол мұндай жағдайда өзі жүзеге асыра алмайтын талаптануларды жиі көрсетеді. Ол өзін ересек сезінсе де, осы талаптануларға сәйкес білімдері, не дағдылары, не іскерліктері, не моральдік құқығы жоқ, яғни, мүмкіншілігі жоқ. Егер жасөспірімде аса қажет болған сұраныстар болса, онда ата-аналарының, ұстаздарының алдында талаптанулардың деңгейін төмендету үшін керемет мүмкіндік туындайды немесе оларды ынталандырады.

Осыған байланысты, біз келесі пайдалы практикалық кеңесті келтіреміз: шамаласпайтын мүмкіндіктердің сұраныстары талқыланбайды немесе тыйым салынады, жасөспірімге шынайылықпен қақтығысуға мүмкіндік беру, себебі талаптанудың деңгейі автоматты түрде төмендейді. Мұны біз әрқашан есте сақтауымыз қажет. Аса жоғары деңгей – жаңа білімді меңгеру үшін тамаша ынта, дағды, ептілік қажет. Осындай белсенділіктің түрлерін баланың меңгеруі, қандай да болмасын нақты сұраныстарды қанағаттандыру үшін қажетті, ал бұл жетістік мінез-құлық стилін қамтамасыз етері анық.

Келесі қиындық, жасөспірім өзінің мамандық таңдауында кез болатын жағдайлар – бұл жасөспірімнің өзіндік жоғары сезімталдығы. Сондықтан жасөспірімді мамандықтың сыртқы жағы қызықтырады, ол романтикалық, ерекше, өзгеше мамандықты таңдайды, бір шағын нәрсені орнықтырады, бірақ өте жарқын тартымды белгіде негізделеді. Мысалы, мынадай мамандықтар – сәнгер (модельер), стюардесса, қылмыстық істің тергеушісі, археолог, океанолог, геолог және аудармашы сияқты. Осындай мардымсыз кәсіби жоспарды дәлелдеу үшін, жасөспірімді мамандықтың мазмұнымен, толық еңбек міндетімен, шартымен, еңбек пен демалыс тәртібімен, мамандықты қабылдаудың әдістері, кадрларға қажеттілігі туралы мәліметтермен ақпараттандыру қажет.

Тағы бір айта кететін маңызды мәселе, жасөспірімдер өз тағдырларын кәсіби процесте анықтауда кездеседі. Бұл стихиялық немесе фрагменттік хабарлаудың жоқтығы және оны жүйелендірудің епсіздігі. Жасөспірімдер әлемдегі мамандықтың, оның мазмұнының өзгешеліктерін, оқу орындарында, шартты әдіс, тәлім-тәрбиенің жеткіліксіз екенін көз алдарына елестетеді. Қосымша білім беру ұйымы мен ата-аналардың міндеті – балаларына осындай ақпарат беруге көмектесуі қажет.

Мамандықты дұрыс таңдау дегеніміз не? Ең алдымен, мұның кәсіби жоспары болу керек, сол кадрлардағы қызығушылықтар, бейімділіктер, денсаулық жағдайы және қоғамға қажеттілігін ескеру керек. Қысқаша айтқанда, бұл аспектілерді **мамандық таңдаудағы формула** деп белгілеуге болады: **«қалаймын», «білемін», қажет»**. Біз қазір осы үш аспектіні қарастырамыз.

«Қалаймын» деген сөздің астарында адамның қызығушылығы мен бейімі арқылы түсіндірілетін ұғым жатыр, яғни кәсіби бағыт болып табылады.

Мүдде – бұл адамның танымдылыққа деген құлшынысы, бір пәнмен немесе құбылыспен танысуға деген көңілі, оны зерттеп, ол жайлы танып-білу. Қысқаша айтқанда: мүдде (қызығушылық) – бұл «білгім келеді» деген ұғыммен сипатталады. Адам өміріндегі мүдденің мағынасы жоғары: олар білімдері арқылы терең әрекет жасауға, ой-өрісін кеңейтуге, қиыншылықтар мен бөгеттерді жеңуге көмектеседі. Мүдделер:

- мазмұнына қарай (әуенді, техникалық, әдеби т.б);

- кеңдігіне қарай (кең, жан-жақты, ауқымы тар, тек бір пәнге ғана
- бағытталған);
- тереңдігіне қарай (терең және аттамалы);
- ұзақтығына қарай (төзімді және төзімді емес)

Төзімділіктің мүддесін адамның қабілеттілігіне қарай бағыттайды. Қажеттіліктерді қанағаттандыру жолында осы мүдделерді жеңеді. Салмақты-эмоционалды реакцияға және зияткерлік танымдық белсенділікке қызығушылық көрсетіледі. Бұл екі белгі міндетті түрде қажет.

Терең және төзімді қызығушылықтар қабілеттілікке ауысуы да мүмкін – белгілі бір қызметке деген құлшыныспен айналысу. Қысқаша: бейімдер - «қалаймын» (жасағым келеді). Мысалы, спорттық жарыстарды рахаттанып көруге болады, бірақ тіпті таңертеңгілік жаттығуды жасамаса да болады. Яғни, бұл қызығушылықтың бейімділікке ауыспағаны. Әрине, мамандықты өзінің қызығушылығымен және бейімділіктеріне лайық етіп таңдаған жөн. Тек осы жағдайда ғана қызығушылықпен (мүддемен) өмірлік жоспар тығыз байланысты болмақ. Мұнда кәсіби мүдде жайлы айтылып отыр.

Мүдде мен бейімділіктер тек қызметте ғана пайда болады. Сол үшін қашан қызығушылық пайда болады деп күтпеңіз, керісінше, қызметтің сан алуан белсенді түрлеріне қосылыңыз. Тек осылай ғана мүдде мен бейімділіктерді жүйелеп, айқындауға болады. Егер сендердің оқуларыңды, сыныптан тыс, мектептен тыс іс-қимылдарыңды сараптайтын болсақ, онда бейімділіктерді мамандықтың бес түріне лайықты анықтауға болады.

1. Адамдармен жұмысқа деген бейімділік;
2. Техникамен жұмысқа деген бейімділік;
3. Шартты белгілермен жұмысқа деген бейімділік;
4. Көркем бейнелермен жұмысқа деген бейімділік;
5. Табиғатпен жұмысқа деген бейімділік.

Неге мамандық таңдауда өзінің мүддесі мен бейімін түбегейлі ескеру қажет? Егер сізге еңбектің мазмұны ұнаса, онда сіз рахаттанып жұмыс істейсіз, өзіңіздің кәсіби біліктілігіңізді жоғарылатасыз, өз ортаңызда беделге ие боласыз, әрине, көп ақша табуға тырысасыз.

Енді келесі таңдаған мамандықтың формуласының құрылымы - **«білемін»**. «Білемін» деген сөздің астарын қабілет деп түсінеді. Қабілеттер – бұл жеке психологиялық ерекшеліктерді

жеңіл меңгеру және дәл қазіргі адамның шығармашылық мүмкіндіктерін байқау. Әр адам осы немесе өзге де дәрежелерді жаңаша үйрену, қабылдау, талқылау, көз алдына елестету, сараптау, шешім қабылдау, басқа адамдарға септігін тигізу т.б. Әйтпесе, адамдар көптеген бейімділікке ие болады.

Ортақ және арнаулы қабілеттерді қарастырады. Ортақ қабілет – бұл ақыл зейіндері, жігерлі сапа. Олар әр түрлі сферадағы білімдердің қызметтерін жеңіл меңгеруді қамтамасыз етеді. Білім алушыларда да ортақ қабілет табысты меңгеру арқылы оқу тәртібінде көрсетіледі.

Арнаулы қабілеттер – белгілі бір қызметте көрсетіледі. Мысалы, қиялдар-әдебиет зейініндегі ең қажет белгінің бірі, абсолютті есту қабілеті – музыкалық зейіннің негізі. Арнаулы қабілеттерге коммуникативтік, математикалық, ұйымдастырушылық т.б. қатысады.

Нақты қызметте көрсетілгендей, осының ішінде қабілеттілік дамиды және бір жүйеге келеді, кәсібиге айналады, кәсіби мазмұнмен толықтырылады. Мысалы, жұмыста жүргізушінің, токарьдың, слесарьдың, хирургтың т.б. екі қолдарының қозғалысының үйлестік (координация) сапалары жұмысқа қосылады және оның тиімділігін қамтамасыз етеді, еңбек сапасы және сенімділік кәсіби маңызды сапаға қатысты болады. (КМС)

Кәсіби маңызды сапа қызметтің өзгешелігіне тәуелді болады. Яғни, токарь үшін жаңа ортақ физикалық даму қажет, гүлдің нәзіктігі, буын бұлшық еттерінің даму сезімі, көрегендік, қол қозғалысының жақсы үйлестігі.

Басқа сөзбен айтқанда КМС (бейімділік, қабілет және жеке-дара сапалар) - кәсіби жарамдылықтың негізі – адамның мамандығына сәйкес келуі. Кез келген адам космонавт, ұшқыш бола бермейді. Еңбекке жарамдылығы, денсаулық жағдайы сәйкес келмейді. Әсіресе, жарамсыздық жеке сапаны анықтағанда мінездемелік өзгешеліктер пайда болады.

Үшінші таңдаған мамандықтың формуласының құрылымы - «қажет» - қандай мамандықтардың сұранысқа ие болатынын және өзі таңдаған мамандық бойынша жұмыс табу үшін қандай мүмкіндік бар. Мысалы, жоғары кәсіби білім беру жүйесінде 2012 жылы кадрлық сұраныста 2225 адамды құраса, мектеп бітірушілер 5238, соның ішінде:

- гуманитарлық ғылымдар бойынша бітірушілер 2 есе көп, еңбек нарығындағы сұранысқа қарағанда (400 маман талап етіледі, ал бітірушілер 800);
- экономика және басқару – 450 маман талап етіледі, бірақ 2440 маман дайындайды, сонда еңбек нарығында сұранысты 5 есеге көтереді.

Орта кәсіби білім беру жүйесінде 2012 жылғы талап бойынша 400-ге жуық мамандарға 5238 адам дайындайды;

Алдыңғы кәсіби білім беру жүйесінде талап бойынша 11100-ден аса мамандық, ал дайындықтың көлемі 4700 адамды құрайды.

Қоғамның қажеттілігі кадрларда – бұл шындық, мұнымен кез келген адамның санасуына болады.

Яғни, осы үш компоненттің формуласының тоғысуында біз мамандықты дұрыс таңдау керек екенін айта аламыз. Жақсы, егер адам жас кезінде өзінің ықылас-икемділігін тапса, өкінішке орай мұндай жағдай әрқашан бола бермейді. Білім алушылар өздерінің қабілеттері жайлы ақпарат ала бермейді, мұны шын мәнінде қалай анықтау керек екенін айқындау, сондықтан оларға көп ізденуге тура келеді. Мұндайда емтихан бағалары әрқашан көмектесе бермейді. Олар кейде кездейсоқ болады, аса бір мағынада немесе білім арқылы бағаланады (бұл баға қандай біліммен алынды?) бірақ мұнда жұмысқа деген қабілет айқындалмайды.

Өзін-өзі тану үшін қазіргі кезде психологиялық тесттерді қолдануға болады, олар адам туралы әр түрлі ақпарат береді. Біліктілік бойынша көмек алу үшін мамандық таңдауда кәсіби психолог-кеңесшіге жүгіну керек, жауапкершілік үшін кәсіптік бағдар беру жұмысы жалпы білім беретін мекемеде болады. Психологтар сабақты мамандық таңдау бойынша өткізеді, мақсаты – жасөспірімге өзін кәсіби тұрғыда анықтауға көмек көрсету, кәсіби жолды таңдаудағы саналы шешімнің қабылдануы, кәсіби бейімдердің есебімен кадрлардағы жеке мүмкіндіктер мен қоғамның кадрларға мұқтаждығы.

Ұлы адамдардың көпшілігі – жазушылар, композиторлар, суретшілер, ғалымдар балалық шақтарында әдебиетке, музыкаға, бейнелеу өнеріне, ғылымға деген қызығушылықтары мен бейімділіктері арқылы білдірген. Алайда, қызығушылықтар жайдан-жай туындамайды. Бұл қызығушылықтың құрылымына қоршаған орта, тәрбие, білім әсер етеді.

Мүдде (қызығушылық) – бұл танымдық қажеттілікті айқындаудың ерекше формасы. Қызығушылық қабілетті ашуға

көмектеседі, мақсаттық жолда кедергілерді бағындырады. Қызығушылықтар мазмұнына қарай әр түрлі болады (мысалы әдебиетке, музыкаға, техникаға, жан-жануарға, гүлдерге, компьютерлік ойындарға, киім үлгілеріне) тереңдікте, кеңдікте болады. Төзімді (шыдамды) қызығушылықтар адам өмірін жарқын және анық етіп көрсетеді. Барлық кәсіби табыстар қызығушылықтан туындаған, қолайлы шарттардың икемдерінде жетіледі.

Қызығушылықтың негізгі мінездемесі:

- қызметке салмақты эмоцияның қатысы;
- осы эмоцияға сәйкес танымдылықтың болуы, яғни танымның қызығушылықтары;
- қызметтің айқын себебінің болуы, яғни, өз қызметіне көңілі толады және онымен қызығушылықпен айналысады, басқа себептерге тәуелсіз болады.

Қызығушылық қалай туындайды? Алдымен әуеқойлық туады – бағдар-зерттеу рефлекс қалыптасады, бұл жанурларда да бар. Ізденушіліктің әуесқойлыққа айналуы үшін зияткерлік белсенділік қажет. Ізденушілік қажеттілік-танымдық қызметте қалыптасады, яғни қызығушылық пәнге немесе көрініске әкеледі. Осылардың ішіндегі біреуі жойылмай тұрғанда, үлкендер балаларының әрбір даму кезеңіне қолдау көрсету қажет.

Өз уақытында оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын дамытады, көптеген жерде олардың болашақ кәсіби табыстарын анықтайды.

Бірақ білім алушылардың кәсіби қызығушылықтарын байқасақ, келесі деректермен (фактілермен) қиындай түседі:

- біріншіден, біздің іс-әрекеттеріміз бен сезімдеріміздің мотивтері әрқашан да оңайдан табылмайды, сондықтан да қабылдау қиынға соғады;
- екіншіден, оқушыларға мамандық жайлы толық және анық ақпараттың берілмеуі;
- үшіншіден, мектеп жасындағы қызығушылықтар тұрақты емес;
- төртіншіден, көп әдістердің, кәсіби қызығушылықтың диагностикасы 20 жыл бұрын әзірленген, сондықтан жасөспірімдер оны қиындықпен қабылдайды.

Әдіскерлер осы берілген бөлімде, жасөспірімге өздерінің кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін түсінуге мүмкіндік

береді және алынған нәтижелер қазіргі диагностикалық бейімдермен жеке ерекшеліктерге сәйкес болуы керек.

Оқушыларға қажетті көмекті қамтамасыз ету үшін мамандықты саналы түрде таңдауда оларды әр түрлі мамандықтармен, еңбек түрлерімен таныстыру.

Балалардың кәсіби қызығушылықтарын, зейіндерін, икемдерін байқау, мамандық таңдаудағы қажет себептерін жалпы жүйелеу, білім алушыларға сұрақ бойынша кеңес беру, білім беру және жұмыспен қамтамасыз етудің жалғасымен байланысты.

Ол үшін қосымша білім беретін педагогтың жұмысын келесі бағыттарда анықтауға болады:

- кәсіби ағарту – балаларға еңбек қызметін, мамандықтарды, кәсіптер аймағымен таныстыру;
- кәсіби тәрбие – жасөспірімдердің кәсіби нық қызығушылықтары болмаса, сол мамандық бойынша белгілі болады;
- кәсіби белсенділік – әр түрлі сферадағы қызметтің практикалық сынақ күші шарттарының құрылуы;
- оқушының кәсіби диагностикасы – кәсіби бағдарлаудағы баланың жеке мақсатын байқау, еңбек пен қызығушылықтардың құрылымы;
- педагогикалық кәсіби кеңес – білім алушыларға еңбек қызметі жайлы айту, мамандық және кәсіп бойынша оның сапасына, икеміне, біліміне сәйкестігі.

Кәсіби бағдарлаудағы табыс педагогтың ақыл-ойына немесе шеберлігіне байланысты, кәсіби бағдарлаудағы материалды бағдарлама материалымен байланыстырады, балалардың қарым-қатынасын еңбекке баулу, содан білім, оқу әдістерін жетік меңгеру.

Оқу процесінде білім алушылардың кәсіби мотивациясын қосымша білім беру ұйымдарында дамыту керек ,келесі сабақтың түрлерін дамыта отырып: саяхат, сот, ойын, дөңгелек үстел, диспут, конференция, ойлану, зерттеу, саяхат.

Сабақты зерттеу үшін, кәсіби мотивацияның жүйелеуіне жіберіледі, сол үшін келесі қызметтерді атқару қажет:

- бағдарлама материалында тақырыптарды анықтау, мазмұнына қарай, сәйкес кәсіби бағдарлауды қосу керек;
- білім беретін қызметтің сәйкестілік (идентичность) жеке көріністерін айқындау, күрделі шеберліктердің мақсатпен жүйеленуі, жасаушы жеке көріністі кәсіби қызметте қалыптастыруы;
- кәсіптік бағдар берудің материалдарының түрлерін анықтау, осы немесе сол тақырыптың мазмұнына сәйкестігі; оқу процесіне арнайы дайын ақпарат амалдарының қосылуы, балаларды кәсіби еңбектің жеке қызметтерімен және кәсіби қызметтің шарттарымен таныстыру;
- тәлім-тәрбиенің әдістемесін нақты әдіс-тәсілдік мақсатпен толықтырып және білім беру процесін ұйымдастырудың түрлерімен модернизациялау, білім алушылар жеке нұсқаулармен және кәсіби қызметтің бағыттарымен жақынырақ таныса алады;
- әдебиетті негізгі мамандық бойынша танып-білу, осы қазіргі бағыттардың бағдарламалық материалымен байланысы;
- жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиямен тәлім-тәрбиенің техникалық жақтарын танып-білу, тұлғаның потенциалының жоғарылауына есептелген;
- кәсіптік бағдар арқылы тұлғаның педагогикалық және психологиялық танып-білудегі әдістерімен білімді тереңдету.

Кәсіптік бағдарлау жұмысы балаларға білім беру ұйымдарында екі негізгі кезеңді анық айқындау керек: мамандықтың мазмұны және сол үшін қабілеттілік пен шеберліктің қажеттілігі.

Оқушылардың кәсіби бағыт бойынша білім алуын тұжырымдауға арналған ашық сауалнама

1. Сені қандай мамандық қызықтырады, неліктен?
2. Бұл мамандық басқаға қарағанда, несімен қызықтырады?
3. Бұл мамандыққа ие болған қандай адамдармен таныссың?

4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Сен таңдаған мамандықтың еңбек өнімдерін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алғаннан кейін қандай қиындықпен кездесетінін сен ойладың ба?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Сенің ата-анаң қандай мамандықты таңдауға кеңес береді?

Кәсіби бағыттағы тұжырымдаманың толықтығы, жоқтығы немесе жарым-жартылай жауаптың мазмұнына байланысты қорытынды жасауға болады.

Өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтаудың деңгейін бақылау сауалнамасы

Нұсқа: Кәсібилік өз тағдырын өзі шешу, ұсынған анкета бойынша сұраққа жауап беру.

1. Келешектегі өз мамандығыңызды таңдадыңыз ба?
2. Таңдаған мамандығыңызды атаңыз?
3. Егер сіз мамандығыңызды таңдамасаңыз, онда қандай мамандықтар сізге ұнайды?
4. Мектеп бітіргеннен кейін сіздің мақсатыңыз?
 - а) жұмыс істеймін;
 - б) ЖОО, ПУ, колледжге, техникумға түсіп көремін.
 - в) жауап беру қиын.
5. Қандай мамандықтарды білесіз?
6. Жоғарғы сыныпта оқығанда қандай кәсіп бойынша еңбегіңізді жалғастырасыз?
7. Сіз неге дәл осы профильді таңдадыңыз.
8. Өзіңіздің келешектегі жұмысыңызды таңдаған оқу бағдарыңызбен қалай байланыстырасыз?
 - а) осы мамандық бойынша жұмыс істеймін;
 - б) ұқсас мамандықты табуға тырысамын;
 - в) туыстас мамандық бойынша оқимын;
 - г) осы мамандық бойынша оқимын;
 - д) басқа мамандықты таңдаймын
9. Өз біліміңізді өзгерткіңіз келе ме?
 - а) иә;
 - б) жоқ;
 - в) білмеймін.
10. Өзіңізді болашақ мамандыққа дайындап жүрсіз бе?

- а) қажет емес;
 - б) әрине, бірақ неден бастарымды білмеймін;
 - в) анда-санда дайындаламын;
 - г) иә, болашақ мамандығыма дайындаламын.
11. Егер сіз болашақтағы мамандығыңызға дайындалсаңыз, онда қандай үлгіде жасайтыныңызды көрсетіңіз.
12. Егер сізде мүмкіншілік болса, тағы да сол оқып жатқан бағдарыңызды таңдайтын ба едіңіз?
- а) иә;
 - б) жоқ;
 - в) білмеймін.
13. Сіздің ойыңызша, сіз таңдаған сол кәсіптің маманы қандай негізгі қасиетке ие болуы керек?
14. Бұл қасиеттің қайсысына сіз иесіз?
15. Сіздің таңдаған мамандығыңыз туралы нені оқуға кеңес беретін едіңіз?
16. Сіздің оқып жатқан бағытыңыз сізге ұнай ма?
- а) өте ұнайды;
 - б) ұнайды;
 - в) немқұрайлылықпен қараймын;
 - г) ұнамайды;
 - д) мүлде ұнамайды;
 - е) айта алмаймын.
17. Егер сіз мектептен кейін өзіңіздің кәсіби мақсатыңызды бірден жүзеге асыра алмасаңыз, не істер едіңіз?

3. Білім алушылардың бейімділіктері мен қызығушылықтарының диагностикасы

Ата-ананың алдында «Баланы қандай арнайы шығармашылық үйірмеге беруге болады?» - деген сұрақ тұрады. Бұл би үйірмесі ме, әлде көркемсурет үйірмесі ме, спорттық, әлде театрлық па, музыкалық па, әлде ағылшын тілін үйрену керек пе? Таңдауды жасау үшін, баланың неге қызығатынын, бейімділігін, тіпті дарындылығын білу керек.

Баланың қай салаға баратындығын, ата-анасының шешуіне болмайды, өйткені ол бала үшін өте көңілсіз және қызықсыз болуы мүмкін. Қорыта келгенде, бала тіпті шығармашылық үйірмелерге барудан бас тартады. Сондықтан да бейімділікті анықтау аса маңызды.

Балалардың қабілеттілігі туылғаннан болмайды, олардың талабы іс-әрекеттен пайда болады. Мысалы дене иілгіштігі немесе сурет салуға бейімділігі. Мұндай жағдайда баланы спорт мектебіне немесе көркемөнер мектебіне берсеңіз, онда оқу кезеңінде баланың талабы оның қабілетіне айналады.

Баланың кішкентай кезінен көп уақытын үйде өткізгенде, бейімділігі туралы қорытынды жасау керек. Оның артынан осылай бақылаған жеңіл.

Педагогтар мен психологтар ғана баланың бейімділігін анықтауға көмектесе алады. Тестер мен қызықты ойындар ой өрісі биік, шығармашылық пен басқа да қабілеттерін және балаға ерекше қызықты болған осы табысқа жететін де әрекеттерін бағалап, анықтайды.

Ата-аналарға баланың дамып келе жатқаны; бірінші қадамы, сөзі, ойындары, суреттерін түртіп жазып отыратын арнайы күнделік бастаған жөн.

Арнайы тестер мен баланың жүйелі дамуы жазылған күнделігі міндетті түрде жақсы нәтижесін береді және педагогтар да баланың неге қызығатынын жеңіл анықтай алады, ал сізге тек керекті арнаға бағыттап, баланы лайықты үйірмеге беру қажет.

4. «Баланың музыкалық қабілетін қалай анықтауға болады?» Ақпараттық шолу

«Баланың музыкаға бейімділігін қалай білуге болады?»

«Оның есту қабілеті немесе сезу қабілеті бар ма?» «Музыканы оқуға баланың қабілетінің дамуы жеткілікті ме?»

Бұл тарауда біз баланың музыкаға деген қабілетін анықтайтын бес мәселені талқылаймыз. Баланы музыка үйренуге беру керек пе, жоқ па - бұл сұрақ ата-аналардың өзіне қажеттісін таңдап алуға көмектеседі.

1 сұрақ: « Баланың музыкаға бейімділігін қалай анықтайды?»

Баланың музыкалық қабілетінің деңгейін, дарындылығын және музыкалық қызығушылығын үш әдіс арқылы анықтауға болады:

- баламен әңгімелесу;
- баланың жалпы музыкалық қабілетін анықтау;
- музыкалық қабілеттілігін тестілеу.

Баланың мектеп жасында музыкалық қабілетін қалай анықтауға болады, сонымен қатар, музыкалық қабілетін әр түрлі әдістермен тестілеу. Қазір, сіздерді мына әдіске назар аудартқым келеді. Баланың қабілетін, музыкаға деген бейімділігін біліп, әңгімелесу жай қарапайым әдіс сияқты, дегенмен, іс жүзінде өте қиын. Егер сіз баладан жай ғана сұрастырсаңыз, ол сіздің сұрағыңызға жауап беруі екіталай. Мұны іс арасында арнайы жағдайды дайындап, кейін жауап алатындай шынайы әңгімелесу керек. Сіз арнайы емес, ойын барысында балалар әнін тыңдағаннан кейін керек кезде ғана сөйлесуіңізге болады. Қалай да болсын, баламен сөйлесуде екі мақсатты көздеуіңіз керек.

- 1) Баланың шеберлігін, сезім әрекетін – ол көркем бейнені қалай терең уайымдай алып, айқын, әсерлене айтып беретіндігін анықтауыңыз қажет.

Бұл қасиет поэзия үшін де, музыка үшін де бірдей қажет. Сондықтан да, егер бала өлеңді мәнерлеп оқып, жеңіл жатқа айтып берсе, көңіл-күйін жеткізе білуге тырысса, – ол әртістік қабілеті бар сезім әрекетіне ие бола алады. Баланың шығармашылыққа бейімділігі бар екенін, ол музыкаға жеңіл айналысып, табысқа оңай жететіндігін көрсетеді. Егер бала ұялып, өлеңді құрғақ, мәнерсіз оқыса, сынап көрмеңіз! Мүмкін, бала терең сезімін «сыртқа» шығара алмайтын – интроверт. Мүмкін, ол әлі өзінің сезімін білдіре де алмайды. Әрбір баланың өзінің ерекшелігі бар, бұл жерде белгілі бір тәсіл болмайды. Егер балаға қызықсыз екенін ол тек айтып қана қоймай, тіпті өлеңді тыңдағысы да келмейтінін көріп тұрсаңыз, оған есте сақтау өте қиын – мүмкін, мұндай жағдайда шахматпен немесе спортпен айналысу керек. Сөйтіп, оның жақсы көретін өлеңін айтып беруін сұрап, баланың сезім әрекетіне бой алдырғанын анықтай аласыз.

- 2) Баланың музыкаға және шығармашылыққа қызығушылығын анықтаңыз. Музыка туралы не біледі, онымен айналысқысы келе ме? Оған бәрінен бұрын не ұнайды – өлең айту ма, әлде қандай да бір аспапта ойнау ма? Баладан музыканың қандай түрі көбірек ұнайтынын (немесе нақты: қандай мультиктен, не фильмнен екенін) біліңіз? Қандай мультиктер мен фильмдерді көруді жақсы көреді, неге? Қандай кітаптар туралы оқып, тыңдауды артық көреді? Сүйіп тыңдайтын әндері бар ма? Олардың біреуін айтып беруін сұраңыз.

Осылай сіз баланың музыкаға деген бейімділігін, өмірде не қызықтыратынын, оған музыкамен шындап айналысу керек пе, музыкалық мектепке бару қажет пе, әлде музыкалық би үйірмесіне ғана бару жеткілікті ме.

Есіңізде болсын, баланың музыкаға қызығушылығын анықтау үшін, оның жауап беруі емес, (көптеген жас шамалары бірдей балалардың жауаптары бір-біріне өте ұқсайды) сіздің сұрақтарыңызға қалай жауап беретіндігі. Баланың қандайда бір өзінің талғамының анықтығы. Егер оған бәрібір болып, музыка да оның ерекше ынтасын шақырмаса, баланың өзіне музыкалық оқуды оқуы керек пе, соны ойлануыңыз керек (музыкалық оқу оны қызықтырып әкетеді, бірақ, күшпен де тартып алады – бұл жерде баланың өзіне де, ұстазының шеберлігіне де байланысты). Егер ол мультиктегідей көңілді, белсенді дәл музыканың ұнайтындығын айта алса; өлең айтса, би билесе, ойнаса; жаман Өрмекші адам туралы мультиктерді жақсы көріп, «жаман құбыжықтарды» жеңіп, барлығын қорғаса; ол жануарлар туралы энциклопедияны жақсы көрсе; ал оның сүйіп айтатын әні «Новый Год к нам мчится...» ол тек қана әнді айтып қана қоймай, биді де билеп жібереді... Сіз бала музыкаға әуестеніп айналысса, айтатындай табыстарға жетеді деп барлық негізін болжай аласыз.

2-сұрақ: Баланы жастайынан музыкалық қабілетінің барын қалай анықтайды?

Баланы бақылай отырып, оның музыкаға қабілетінің бар-жоғын оңай анықтай аласыз. Баланың музыкаға бейімді екенін және туғаннан музыкаға қабілетін келесі әрекеттері арқылы байқай аласыз:

- сәбидің кез келген дыбысқа назары елең етсе;
- музыканың дыбысына қызығушылығы анық екенін білдірсе;
- сүйіп тыңдайтын музыка дыбысы шыққан уақытта баланың қуаныш сезімі білінгенде (кейбір балалар билей бастайды);
- балаларға арналған ән не бесік жыры ғана емес, сәби әр түрлі музыканы сүйіп тыңдаса.

Осы уақытқа дейін ғалымдар қарапайым тестің көмегімен бір жасқа жетпеген балаға арнайы зерттеу жүргізіп, көптеген сәбилердің «сөзсіз» музыканы есту қабілеттерін анықтаған екен. Бұл шындық барлық адамдардың қабілеттіліктері бірдей (сонымен

бірге музыкалық та), тек даму қабілеттерінің деңгейі әр түрлі екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл шындық арқылы мынадай қорытынды жасауға болады: адам бойында қабілеттің бар болуы адамның қызмет саласында табысты болуына әсер етпейді. Адам баласы туа біткен музыкалық қабілетке ие бола ма – әдемі, керемет дауыс, есту қабілеті, сонымен қатар музыканы жек көруі. Өз саласындағы қажетті қабілеттілікті дамытып, нақты білім беру үшін, кез келген білім, сонымен қатар музыкалық білім де сол үшін қолданылады. Табысқа жету жолында не маңызды саналады? Нақты қызмет саласындағы адамның бейімділігі?

Басқа адамдарға қарағанда, адамның белгілі бір қызмет саласындағы қабілеттерін тез жетілдіруге мүмкіндік беретін сол саладағы бейімділігі, қызығушылығы маңызды. Көп жағдайларда бұл «қабілеттердің жоқтығы» және дарынсыздығы, дарындылық, талантының құпиясы. Белгілі бір қызмет саласына деген бейімділік жастайынан пайда бола бастайды. Бала бір жасында әуеннің дыбысталуына қызығушылық тудырса, онда оның музыкалық қабілетін осы жасынан байқауға болады.

3 сұрақ: Кіші мектеп жасындағы балалардың әуенге деген бейімділігін қалай анықтауға болады?

Осы жаста баламен әңгімелесу, тестілеу және баланың жалпы музыкалық қабілетін анықтау сияқты үш әдісті қолдануға болады. Ересек және 3-7 жастағы балалардың бойындағы бейімділіктің бар екендігін және музыкалық қабілетінің көрсеткішін қалай байқауға болады?

1) Балалық шақта пайда болған музыкаға деген қызығушылықты сақтап қалу. Егер сіздің балаңыз өзінің шаруасын тоқтатып, аяқ асты дыбысталған әуенге құлағын түрсе, міндетті түрде тек қана балалардың әндерін ғана емес, жақсы эстрадалық әуендерді, классиканы, әр түрлі әуендерді тыңдағанды сүйетін болса, әуенге қосылатын болса немесе сол әуенге билей бастаса – мұның барлығы баланың музыкаға әуестігі туралы айтады. Осы мәселеде баланы тәрбиелеу үлкен рөл атқаратынын, бірақ негізгісі еместігін есте ұстаған жөн. Егер бала табиғатынан музыкаға жақын болмаса – сіздің онымен музыкамен айналысқаныңызға қарамастан оны көрсете бастайды. Ал егер оның табиғатынан бейімділігі, өнерге деген ұмтылысы болмаса, сіз өзіңіздің «маңдайыңызды жарақаттандырып» алуыңыз мүмкін, бірақ баланың әуенге деген жиіркенішін тудырмаңыз. Сіздің

қолыңыздан келетіні – баланың өз мүмкіншілігін көрсетуге, оның әуенділігін ашуға кемектесе аласыз. Егер баланың балалық кезінде әуенге деген қызығушылығы пайда болса, оған ата-аналары мән бермесе, онда баланың қызығушылығы жойылады. Бірақ мұндай жағдай сіз балаңызбен бірге еселеп айналыссаңыз – әндерді жаттау және айту, балалардың музыкалық аспаптарда ойнағанда да болуы мүмкін. Қолдан келер шара жоқ, адамның табиғаты – қиын және алдын ала болжанбайды.

2) Бала өзіне ұнаған әнді қиындықсыз және жылдам есінде ұзақ сақтап қалады. Көбінесе «таза» әндетеді, «кұрастыруды» - өзіне таныс атақты әуендерден және сөздерден өзінің әндеріне сүйемелдеуді қалайды (ол кейбір «попурри» болуы мүмкін, мүмкін болмайтын нәрсені толықтыру). Жиі өзінің әндерін және тақпақтарын құрастырады (негізінен аяқ астынан импровизациялайды) – олардың айқын және мәнерлі болып шығуларына байланысты (мәні емес, тек әсерлі болуы) – баланың дарындылығы мен таланты туралы ойша айтуға болады. Қандай жағдай болмасын, мұның бәрі табиғаттан берілген музыкалық және шығармашылық қабілеттері туралы айтылып отыр.

3) Бала көпшіліктің алдына шыққанды жақсы көреді, мерекелерде және таңғы ертеңгіліктерде белсенділік танытқанды жаны жақсы көреді, кез келген шығармашылықпен – ән, би, сурет салу, ермексаздан сомдауды жақсы көреді. Оның қиялы жақсы, жаңа дүниелерді ойлап табуды жақсы көреді – мұның барлығы музыкаға және шығармашылыққа деген қабілеттерінің жақсы көрсеткіші болып табылады.

4 сұрақ: Бала бойында музыкалық бейімділік бар ма?

Музыкалық ес, дауыс, музыкалық бейімді анықтауға арналған көптеген дәстүрлі тестер бар. Мұндай тестер баланы музыкалық мектептерге қабылдаған кезде әңгімелесу арқылы жүргізіледі. Бұл тестер өте қарапайым, бірақ оларды орындау барысында ата-аналардың музыкалық білімі мен дағдыларын, музыкалық жиынтығын, кейбір жағдайларда фортепианоны талап етеді.

1 тест. Баланың фортепианоның қасына келіп тұруын және кері қарауын сұраңыз. Әр түрлі регистрлерде екі дыбысты кезек-кезек ойнаңыз да (жоғарғы және төмен), одан қай дыбыстың жоғары және төмен айналғанын сұраңыз.

2 тест. Фортепианоның бір пернесін басып баладан қанша дыбыстың дыбысталғанын сұраңыз. Енді екі пернені бір

мезгілде басыңыз (бір-бірінен алшақ аралықта болғаны дұрыс), ал енді қанша дыбыстың естілгенін сұраңыз. Егер бала жауап беруге қиналса, онда сол пернелерді тағы да кезегімен басыңыз. Кез келген аккордты екі қолыңызбен ойнаңыз (кең орналасуда), қанша дыбыс дыбысталғанын сұраңыз (біреу немесе бірнеше). Алдыңғы екі тест те бейімнің белсенділігін тексереді, «бейім кеңістігінде бағдарлануға» қабілеттілікті, музыканың жалпы дыбысталуынан бөлек элементтерін бөліп көрсетуге (қарапайым деңгейде) бағытталған. Олар балалардың жоғарғы дыбыстардың кейбір дыбыстардан айырмашылығын түсінуге, сонымен бірге бір мезгілде дыбысталған көптеген дыбыстар мен кейбір дыбыстардың айырмашылығын анықтауға мүмкіндік береді. Егер бала қиналып тұрса – уайымдамаңыз, мұндай нәрселерді түсіну оңайға соқпайды, оған көбінесе бастапқы білім беруде үйретеді (музыкалық мектептің бірінші сыныбы/дайындық).

3 тест. Ми нотасын бірінші октавасынан бастап әндетіңіз (мысалы, «ля» буынына немесе қарапайым «а»-ға) және баланың оны қайталауын сұраңыз. Сосын Ля нотасын бірінші октавасынан бастап әндетіңіз және оны тағы да қайталаңыз. Егер сіз баланың осы диапазонда әндету қиынға соққанын көрсеңіз, онда До-Ми жоғарғы нотасын екінші октавасынан әндетіңіз, немесе керісінше төменгі Си кіші – Ре бірінші октавасынан бастаңыз. Баланың дауыс диапазонын анықтау үшін әр түрлі ноталарды байқап көріңіз. Фортепианоның көмегінсіз өзіңіздің орындауыңыз өте маңызды. Камертонды міндетті түрде ән салу үшін қолданыңыз. Фортепианоның дыбысы көбінесе баланы «шатастырады», адамның алғашқы дауысына үйрену сияқты оған да үйрену өте қиын. Егер сіздердің қолдарыңыздан келмесе, нотаға дәл түсу қиынырақ болса, әрине мұндай кезде фортепианоны қолдану қажет. Балалардың аспаптарын – сырнай, ксилофондар, балалардың синтезаторлары және басқаларын қолданбаңыз.

4 тест. Қысқа өленді әуендетіп, балаға қайталауын сұраңыз.

5 тест. Сүйіп айтатын өленді балаға айтып беруін сұраңыз.

Осылайша, 3-5 тестер баланың музыкалық есту қабілетін, музыкалық есте сақтауын, «репродуктивті» музыкалық есте сақтауын, баланың дауыс диапазонын, баланың таза дауыста ән

салуын тексеруге мүмкіндік береді. Есіңізде болсын, егер бала орташа нәтиже көрсететін болса, нотаның өзіне дәл түспесе де әуеннің ең болмаса бағытын игеріп алатын болса, онда оның нашар дамыған болса да музыкалық есту қабілеті бар деген сөз. Мұндай балалар өте тар диапазонда ән айтуы мүмкін, олар интонациялай да алмайды және әуеннің жалпы бағытын да түсіне алмайды. Шын мәнінде, мұндай балалар көптеп кездеседі, алайда, музыка мектептерінде олармен де кең көлемде жұмыс жасай отырып, ақыр аяғында олардың қабілеттерін белгілі бір деңгейге дейін дамытады.

5- сұрақ: Ырғақ сезімін қалай анықтауға болады? Музыка мектебіне түсу кезінде қолданылатын ырғақ сезімін анықтаудың бірнеше тестін ұсынамыз.

1-тест. Қарапайым ырғақтық әуен жүйелілігін тықылдатыңыз (жылдам емес) және осы ырғақты баланың қайталауы тиіс. Тесті баланың жетістіктеріне қарай бірізділікті қолдана отырып, 2-4 рет қайталаңыз.

2-тест. Бала музыканың ырғағымен бір орында тұрып адымдауы қажет. Кез келген марштық танымал музыканы орындап немесе қойып беріңіз. Мысалы, «Бірігіп адымдаған қандай көңілді!» әні.

3-тест. Бала алақанымен музыка ырғағына (концерттердегідей) қол шапалақтауы қажет. Кез келген ырғақтық балалар музыкасын ойнап немесе қойып беріңіз. Егер баланың ырғақтық сезімі әлсіз болса, бұл дегеніміз оны дамытуға болмайды дегенді білдірмейді. Егер бала барлық тесттерді сәтті орындаған болса, бұл оған музыканы үйренуде неғұрлым жеңілірек болатындығының айғағы, алайда, бұл оның бірер айдан кейін жалығып кететініне кепілдік бермейді.

Қорытындылар:

- 1) Педагогтар баланың музыкалық қабілеті мен деңгейін жоғарыда көрсетілген әдістермен дамыту арқылы баланың музыкаға деген бейімділігін жеңіл анықтай алады.
- 2) Музыкалық есту қабілеті немесе ырғақтық сезім сияқты дамыған музыкалық қабілеттер баланың музыкаға бейімділігінің бар екендігін білдірмейді. Музыкамен айналысуға деген тілек-ниет баланың музыкада табысқа қол жеткізетінін, жеткізбейтінін шешуде үлкен рөл атқарады. (Кәсіби немесе әуесқойлық екендігі маңызды емес)

3) Айқын көрініп тұрған қабілеттілік пен музыкамен айналысуға деген нақты құлшыныстың жоқтығы баланың «қабілетсіздігі» немесе «музыкалық еместігі» деп санауға болмайды.

Оқыту үрдісі кезінде бала өз қабілеттіліктерін аша түседі және оның музыкаға деген қызығушылығы пайда болады. Осылайша, баланың музыкамен айналысқанын бақылап көрмейінше, баланың музыкаға қабілеттілігі мен бейімділігі жоқ деп сенімді болуға болмайды.

5. Бейімділіктерді анықтау бойынша тест. Ағаштың суретін салу арқылы анықтау

Бала тестілеу уақытында ағаштың суретін салуы қажет. Суретті жай қарындашпен немесе түрлі-түсті қарындашпен салатынын өзі анықтағаны жөн. Мұндағы ересектердің міндеті – баланың салған суретіндегі ағаштың қайда өсіп тұрғандығы, қалай өмір сүріп жатқандығы туралы әрекет барысын қадағалау. Тестпен жұмыс жасау кезінде жобалы сурет үлгілеріне бағдарлануға болады. Ойлау қабілеті бейстандартты бала ең алдымен өзін шығармашылықта нақты көрсете алады және ережелер шеңберімен шектелген, нақтылықты талап ететін тапсырмаларға бір қалыпты қарайды. Ұқыпты және епті бала керісінше, алдағы уақытта өзіне қажет болатын жаңа білім алуға талпынады. Пайымдылық, ойланғыштық, сынаушылық – қасиеттері әдебиет, тарих, жаратылыстану сияқты пәндерді оқу үшін қажет. Балаға қандай пәннің ұнайтыны – жеке ықылас мәселесі. Есептер мен теңдіктерді меңгеру қиынға түсетіндігіне қарап, оның математикаға қызығушылығы жоқ деп айтуға болмайды. Білімнің әрбір түрі белгілі бір психологиялық ауыртпалық әкелетіні мәлім, сол себепті де барлығынан бұрын баланың қандай да бір қызмет саласында өзін қаншалықты жүзеге асыра алатындығын білу қажет.

Салынған суреттің сараптамасының алғашқы қадамы – бұл картинадан алынған жалпы әсер. Сурет жалпы алғанда көңілсіз, жабырқаңқы, бірақ сонымен қатар, ағаш нәзік те әсем болуы мүмкін. Сурет: көңілді – көңілсіз, жарқын – бұлыңғыр, жайбарақат – дегбірсіз, жігерлі – әлсіз, мықты – осал, мұқият – ұқыпсыз, нәзік-көркем – дөрекі, тірі – қозғалыссыз, жарық – күңгірт, қатты – жұмсақ және т.т. болуы мүмкін.

Тестің нәтижесі:

Бағана баланың ішкі сезімін, оның жеке басын бейнелейді. Тік бағана – дұрыс формада. Демек, бұл бала өзіне сенімді, тұрақты, шыдамды, ақылды, біраз бейімделу қиыншылығы бар, сонда да оңай қалпына келеді.



Сол жаққа кеңейтіп негіздеу. Бала тез арадағы арманшыл интроверт, ол ұялшақ, жасқаншақ, ынтасын білдірмейді. Оны өз өмірін алып жүргенге міндеттемеу керек.



Оң жаққа кеңейтіп негіздеу. Оған ақылды, ұқыпты, қажырлы болу артығырақ. Ол бөтен адамның пікірін елемейді. Оның өмірге қойған мақсаты да бар шығар. Мүмкін, бұл әлі де жауаптылық сезімін дамытатын, беделді, бейғам қайраткер шығар.



Дөңгелене, екі жаққа кеңейтіп негіздеу. Асықпайтын, тиянақты, бірақ масыл, осыдан барып, оқуға да ниеті жоқ. Оның орнына ол жауапты да сенімді. Оның өзіне сенімді болуын нығайтады.



Үсті жабық бағана өмірге бейімділігі, ырықсыздығы туралы айтады. Дерексіз ойға әуестігі жоқ, ынтасын қолдан істеген нақты еңбегімен көрсетеді.



Үшкірленген бағана. Әдеттегідей, оны тұлға ретінде айтуға да қиын, жас шамасы кіші балалар салады.




Бағананың толтырылған пішінінің ішкі сызығына назар аударыңыз. Әлсіз, қисық, пунктирлі белгі – шыдамсыз, ырықсыз, қисық мінезді екені туралы айтады. Мұндай суретті әдеттегідей сезгіш, жаны нәзік бала салады.



Штрих сызу мен іш жағы бұйра сызығы бар ағаштың қабығын, ішкі сезімі нәзік, сенімсіз еш нәрсеге қанағаттанбайтын белгі.



Мына жаңғыртылған ағаш қабығының суреті бақылағыш, қызығушылығы мол, мүмкін – жақсы әзілқой сезімнің белгісі.



Дақтары бар таңбалы қабықты – қанағаттанбайтын және кінәшіл, тіпті дамуы қиын кезенді айтады.



Толқын бейнелі сызық пысық, алғыр, қабілеті икемділікке, позитивтілікке жақын баланы бейнелейді.



Бұтақтар баланың айналасына қарым-қатынасы жақсы, жеке өз қабілетін жүзеге асыратынын айтады. Қарама-қарсы салынған бұтақтар, тұрақтылықты, позитивті, белсенділікті білдіреді.



Аяқ жағы айырылып кеткен бұтақ сызықтары – сабырсыздық, авантюризм, күмәншіл, өз ісінің дұрыстығын дәлелдегіш.



Ашық мұржалы бұтақтар – ойын айта алмайтын жасқаншақ. Әдетте олар 8 жастан асқан балаларда кездеседі.



Нұрын төгіп тұрған бұтақтар – шамданғыш, «сіркесі су көтермейтін», өз тағдырын өзі шеше алмайтын бала. Өзін «мен» деп іздеп абыр-сабыр болады. Мұндай бұтақтың бейнесі жасөспірімдердің бейнесі.



Бір ғана бұтақтың белгісі суырып салма қабілеті бар, шығармашылығы және қалыпсыз дәстүрді қабыл алмайтыны туралы айтады.



Майысқан бұтақтар – ойын-сауыққа, бойын еркін ұстағанға ұмтылысты белгілейді.



Төмен қараған бұтақтар – қиялшыл, уайымшыл, көнгіш, бірақ терең сезімге қабілетті баланы айтады.



Иіліп тұрған бұтақтар – сабырлы, көнгіш, жауапкершілігі мол, тәртіпті.



Жоғары қараған бұтақтар – ұқыптылық, шамданғыштық, күмәншіл.



Кесілген бұтақтар – жасөспірім шағында ішкі еркіндігі жоқ екені, айналасындағыны түсінбейтіні туралы айтады.



Жуан бұтақтағы жіңішке бұтақшалар – нәзіктік, сезімталдық, шабыттанушылық, бірақ ұмытшақ және ашуланшақ.



Ағаштың ұшар басы, баланың энергетикалық қабілеті мен мүмкіншілігі қандай екенін айтады. Өрістеніп тұрған ағаш басының әр түрлі нұсқасы - мәселенің шешуіне бос қарау, қызбалық, ұшқалақтық.



Бұлттарға ұқсас ағаштың басы – ұқыпты, өзін-өзі бақылай алады.



Сыпырғыға ұқсас ағаштың басы – саналы, ұстатпаушылық.



Дөңгелек ағаштың басы – сабырлы, өзіне жетерлік менмендік.



Бұйраланған ағаштың басы – серпінділік, ұмытшақтық, әзілқой сезімді, өмірге шаттана қараушылық.



Ағаштың басы қаракөлденген немесе жіңішке штрихтанған – тәртіпсіздік, мазасыз, қарбаластық, жасқаншақтық, ырықсыздық.



Түрі қапқа ұқсаған ағаштың басы – қалауы әлсіз, жалтақ, беделді адамға ғана тәуелді.



Ағаштың басы жайдақ – жабырқаңқы, тәуелді, біреуге арқа сүйейтін.



Кейбір сәттерге де назар аудару керек. Балалар көбіне көрінбейтін тамырларды салмайды. Бірақ егер топырақтың бойы көтеріліп, ағаштың тамыры көрініп қалса, бала қатты сасқалақтап, мазасызданғыш, қорғанышы жоқ бір нәрседен қорқып, тіпті сүйіспеншілік пен қолдауды қажет етеді.

Ағаштың, дуалдың, қоршаудың тіпті, тіреп қойған таяқша мен баспалдақтардың салынған суреттері сүйіспеншілік пен қолдауды, күшті қамқоршыны, сонымен қатар қарым-қатынаста жылулықты қажет ететінін растайды. Табиғат көрінісі, өзіне сенімсіз, үрейге бой алдырған, намысқой, жаны нәзік туралы куәландырады. Егер ағаш өнімге, ұяларға, бейнелі түрмен боялса, онда эстетикалық дамыған менменшілдігі бар, өзін әдемі ұстағанды жақсы көретін, өзін құрмет тұтатындарды бейнелейді.

Баланың білімге деген ерекшелігі педагог үшін өте маңызды: бұл көмек пен қолдауды қажет ететін, оны бағыттап, оның қызығушылығымен шынайы бейімділігін уақытында анықтауда жағдай жасайды.

6. «Кәсіби қабілеттілік, бейімділік, қызығушылық» тесті
Дифференциалды-диагностикалық сұрақтардың тапсырмаларын орындап, бейімділігіңізді анықтаңыз.

Тиісті білім алғаннан кейін, сіз әр түрлі жұмысты істеп кетесіз деп жорамалдайық. Бірақ сізге екі мүмкіншіліктен (А не Б) біреуін ғана таңдасаңыз, қандай ойда болар едіңіз. Кестеден «+» таңбасына сәйкес өз таңдауыңызды белгілеңіз, егер таңдаған қызметіңіз ұнаса, («++» немесе «+++»). Егер бұл қызмет ұнамаса («--» немесе «---»)

№1 кесте

1	А. Малға қарау	Б. Машинаны, приборларды жөндеу (бақылау, жүргізу)
2	А. Ауруларға көмектесу	Б. есептеу машиналары үшін кестелер құру
3	А. Суретгі оқулықтардың, ашық хаттар, плакаттардың сапасын бақылау.	Б. Өсімдіктердің дамуын бақылау.
4	А. Материалдарды өңдеу (ағаш, мата, темір, пластмасса т.б.)	Б. Сатып алушыға заттарды жарнамалап сату.
5	А. Ғылыми кеңінен таралған кітаптарды, мақалаларды талқылау.	Б. Көркем кітаптарды немесе пьессаларды, концерттерді талқылау.
6	А. Төл өсіру (қандайда бір малдың тұқымын)	Қандайда бір әрекеттерді орындатқызып, серіктестіктер мен кішілерді жаттықтыру (еңбектік, оқулық, спорттық)
7	Суреттерді көшіріп жазу (немесе музыкалық аспаптарды келтіру)	Қандайда бір жүк немесе көтергіш тасымал көліктерін) көтергіш крандық құралдар.
8	А. Адамдарға керекті мәлімдемелерді хабарлау,	Б. Көрмелерді көркем безендіру немесе концерттің дайындығына

	түсіндіру (анықтама бюросында, экскурсияларда т.б.)	қатысу.
9	А. Заттар мен бұйымдарды жөндеу (киімдерді, техника-ды), тұрғын жайларды.	Б. Мәтіннен, кестеден, суреттен қателерді іздеп, түзету.
10	А. Малды емдеу.	Б. Есептерді шығару
11	А. Өсімдіктердің жаңа сорттарын шығару.	Б. Өндірістік заттардың жаңа түрлерін құрастыру, жобалау (машиналар, киімдер, үйлер, тағамдар т.б.)
12	А. Адамдардың талас тартыстарын, ұрыстарын талдау, Сендіру, түсіндіру, қолдау, алғыс айту.	Б. Кестелер, схемалар, сызбаларды реттеу (тексеру, анықтау, ретке келтіру)
13	А. Көркем өнерпаздар, үйірме жұмыстарын үйреніп бақылау.	Б. Өмірдегі микробтарды тексеріп бақылау.
14	А. Медициналық құралдарды, аспаптарды реттеп, жұмыс істету.	Б. Жаралап алғанда, күйіп қалғанда медициналық көмек көрсету
15	А. Қ Оқиғаны бейнелеп, көркем сипаттау (бақыланған, ұсынған)	Б. Жарақат алғанда, ауыртып алғанда, күйіп қалғанда медициналық көмек көрсету.
16	А. Ауруханаларда зертханалық талдауды жасау	Б. Ауруларды қабылдап, қарап, олармен әңгіме өткізіп, емдеуді белгілеу.
17	А. Бөлмелердің қабырғаларын, заттардың бетін бояу.	Б. Монтаж немесе машина құралдарын іске асыру.
18	А. Өзімен жасты балалар мен кішкентайларға мәдени жорықтар ұйымдастыру. (театр мен музейлерге), экскурсиялар мен туристік жорықтар т.б.	Б. Концертке қатысып, сахнада ойнау.
19	А. Сызудағы бөлшектерді, бұйымдарды дайындау (машиналар, киімдер),	Б. Карта, сызуды көшіріп, сызумен айналысу.

	үйлерге құрылыс жүргізу.	
20	А. Өсімдіктердің ауруларына күрес жүргізу.	Б. Машинаның клавиштерінде жұмыс істеу (жазу машиналарында)

Қандай бағанада сіздің белгілеген нөміріңіз бар, №2 кестені тексеріңіз. Мамандықтың түрлеріне әрбір бағана сәйкестелген. Сіз санағандай көп белгілердің саны «+» бағананың біреуінде сізге ұнайтын мамандықтың түрі көрсетіледі. Керісінше, сіз таңдауға келмейтін мамандықтың түрлері «-» белгінің көп саны арқылы еске түсіреді.

Мамандықтардың түрлері.

1	2	3	4	5
1А	1Б	2А	2Б	3А
3Б	4А	4Б	5А	5Б
6А		6Б		7А
	7Б	8А		8Б
	9А		9Б	
10А				10Б
11А	11Б	12 А	12Б	13А
13Б	14А	14Б	15А	15Б
16А		16Б		17А
	17Б	18А		18Б
	19А		19Б	
20А		20Б		

Бағанадағы мамандықтардың атаулары.

«Адам - Табиғат» - өсімдік шаруашылығына, орман шаруашылығына, қоршаған ортаға байланысты барлық мамандықтар.

«Адам - Техника» - техникаға байланысты барлық мамандықтар.

«Адам - Адам» - адамдармен жұмыс істеуге байланысты барлық мамандықтар.

«Адам – Белгі жүйесі» - сандар, әріптер, есептеуге байланысты барлық мамандықтар.

«Адам – Көркем бейне» - барлық шығармашылық мамандықтар.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл кәсіби-еңбекшіл қызметін және адамның өзін-өзі көрсету әдісі, ішкі тұлғалық және әлеуметтік-кәсіби қажеттілікпен тұлға ретінде қалыптастыру барысы.

Кәсіби бейімделікке арналған тестік нұсқалар:

- Еңбек классификациясы туралы тест (Е.А. Климов)
 - Мамандықты таңдауға арналған тест (Глав Справ)

Мамандықтың бес түрі

Адам – Табиғат

Сіз – ЖЕР ғаламшарының барлық тірі атауының досысыз! Дәл сіз сияқтылар тірі табиғат Әлемінің зерттеушісі болып табылады, табиғаттың тірі Әлемі, өсімдіктің жүздеген жаңа мәдениетін құрады, жануарларды емдеп, қорғайды. Мүмкін, бірінші жаңалық ашу таланты сізде жатқан шығар?

Психологиялық талап: байқампаздық, табандылық, абыржыту, тіпті қиын жағдайларға қарамастан әр түрлі дербес даярлықтар.

Мамандықтың түрлері: биолог, ауыл шаруашылығы маманы, мал дәрігері, орманшы, зоотехник, агрохимик, бағбан және т.б.

Білім беру бағытындағы ұсыныстар:

- * Табиғи ғылымдар.
- * Геология, пайдалы кендерді зерттеу және барлау.
- * Химиялық және биотехнологиялық.
- * Орман ресурстарының ұдайы өсуі мен қайта өңделуі.
- * Тіршілік қарекетінің қауіпсіздігі, табиғаттың құрылғылары және қоршаған ортаны қорғау.

Адам – Техника

Техникалық прогресс бір орында тұрмайды, сіз – оның мәңгі қозғалтқышысыз! Сынған будильникті қалай жөндеу, кез келген техниканы бабына келтіру, гайкаларды бұрау, жаңалық ашуға қорықпайтындығыңызды білесіз. Қиын механизмдер сізді үрейлендірмей, керісінше шабыттандырады. Бірақ сіз қиялдап қана қоймай, техниканың қайсысы болса да, тіл таба аласыз.

Психологиялық талап: ұқыпты, ұтымды, техникалық пікірі дамыған, координациялық қозғалысы жақсы, алаңсыз ойлана алатын және басқаға назарын тез аударатын, аңғарғыштық.

Мамандықтың түрлері: инженер, конструктор, техник, слесарь, радиомеханик, ұшқыш, электрик және т.б.

Білім беру бағытына ұсынылады:

- энергетика, энергетикалық машина жасау мен электрлік техника;
- авиациялық және зымырандық-ғарыштық техника;
- металлургия, машина жасау және материалды өңдеу;
- қару-жарақ және қаруландыру жүйесі;
- теңіз техникасы;
- көлік құралдары;
- құралдарды құрастыру мен көтерме техникасы;
- электрондық техника, радиотехника және байланыс;
- автоматтандыру және басқару;
- азық-түлік технологиясы және тұтыну тауарлары;
- құрылыс және архитектура.

Адам – Адам

Адамдар легінде сіз судың ішіндегі балық сияқтысыз! Айналаңыздағы байланыс сізді қорқытпайды, керісінше, сіз әрбір адамнан қызықты нәрсені көресіз. Өз тәжірибеңізбен жеңіл бөлісіп, келісе де, бірге уайымдай да аласыз. Ереже бойынша, сіздің рөліңіз – серіктестеріңізге жұмыста да, демалыста да шын ниетті жан бола білу.

Психологиялық талап: ашықтық, мейірімділік, қайырымдылық, ұжымда жақсы жағдайды құра білу, келісе алмаушылықты ретімен жайғастыру, жақсы шешендік қабілеті, дамыған мимикамен, адамдардың психологиясын білу.

Мамандықтың түрлері: мұғалім, тәрбиеші, спорттық жаттықтырушы, медициналық қызметкер, қызмет көрсету саласы, саяхат жетекшісі, заңгер, кадр қызметінің мамандығы және т.б..

Білім беру бағытына ұсынылады:

Гуманитарлық ғылым.

- табиғи жаратылыстық ғылым;
- әлеуметтік ғылым;
- білім беру және педагогика;
- денсаулық сақтау;
- қызмет көрсету саласы;
- экономика және басшылық.

Адам – Белгі жүйесі

Математикалық есептер, статистика, сызулар, ақпараттық технология... бұл сіз үшін сандар мен графика емес – бұл қызығатын дүние, олжа мен жұмбақтар. Шырмалған іс үшін, сіз еңбексіз бір әрекеттердің жайлы жоспарын құрасыз. Сіз – баға

жетпес, аса ықтиярлықпен көңіл бөлетін, нақты және жан-жақты ойлайтын жұмыскерсіз.

Психологиялық талап: логика сезімге ие, көңіл бөле білу, ойша дерексіздендіру, дерексіз ұғымдар мен шартты белгілерді пайдалану қабілеті, жүйені құра білу, сабырлы мінезді, шыдамдылық, ұқыптылық.

Мамандықтың түрлері: программист, геодезист, математик, экономист, есепші, редактор, корректор, іс жүргізуші және т.б.

Білім беру бағытына ұсынылады:

- физико-математикалық ғылым;
- гуманитарлық ғылым;
- экономика және басқару;
- ақпараттық қауіпсіздік;
- информатика және есептеу техникасы.

Адам – Көркем бейне.

Сіз біздің қатал әлемге сұлулық әкелу үшін туылғансыз! Сіз көптен бері шығармашылық желіңізді сезінеді екенсіз – қабыңызға бізді жасыра алмайсыз ғой... Сіздің қоршаған ортаға қиялыңыз, интуицияңыз және ерекше көзқарасыңыз керемет өнер туындысын құруға қажет болады. Мейлі бұл музыка, әдебиет, театр, дизайн, не сәулет өнері болсын – барлығы сізге қажетті нәрсе!

Психологиялық талап: бейнелі ой, төзімділік, сезгіштік, жаңаға және өзгешелікке ұмтылу, кереметтілікті көре білу және дыбысты есте сақтау, өзін-өзі ұстауға үйрену.

Мамандықтың түрлері: актер, жазушы, дизайнер, суретші-безендіруші, сазгер, модельер, сәулетші, мүсінші, флорист, қалпына келтіруші, оюшы, зергер, журналист, хореограф и др.

Білім беру бағытына ұсынылады:

- гуманитарлық ғылым;
- мәдениет және өнер

Кәсіби қажеттілік және денсаулық

№1 тапсырма

№	Пікірлер	Жауаптардың нұсқасы	
		Иә	жоқ
1.	Таңертең маған уақытында ерте тұрып, өзімді сергек сезіну қиын.		

2.	Мен жұмысты бастағанда, алаңсыз тез жұмысқа кірісемін.		
3.	Мен бір нәрсеге алаңдап, қорқа бастасам, ішімде ыңғайсыздық сезім пайда бола бастайды.		
4.	Егер таңертеңгі тамағымды жақсылап ішуге мүмкіншілік болса да, бір шыны шаймен немесе кофемен ғана шектелемін.		
5.	Мен керісінше, ұялшақ, жылусүйгіш адамдардың қатарына қосыламын.		
6.	Бір орында ұзақ тұра бергеннен гөрі, жүріп жүремін, не сүйеніп тұрамын, егер олай болмаса, өзімді есімнен танып қалардай сезінемін.		
7.	Кенет еңкейіп қалатын жағдай болса, көзім бұлдырап, басым айналады.		
8.	Кейде жоғарыдан төмен қарап немесе қорқыныш пайда болса, басым айнала бастайды.		
9.	Мен бас аурудың не екенін түсіне алмаймын.		
10.	Бір нәрсеге көңіл бөлген жағдайда, мен аяғымды тербетіп не қағазға сурет сала бастаймын және т.б.		
11.	Мен жоғары көтеріле бастағанда, демалу қиын болып, тоқтап тұрамын.		
12.	Көпшіліктің алдында сөйлегенде, жүрегім дүрсілдеп, тамағым тарылып, дауысым өзгеріп, танымастай боламын.		
13.	Мен біреуден «аштықтан жүрегім айнады» деген сөзін естігенде, өзімді орнына елестетіп, қандай әсер алып жатқанын түсінемін.		
14.	Бір орында тапжылмай отыра бергеннен, қалғып кетуге бармын.		
15.	Ұялудың қандай екенін мен білемін.		
16.	Қандайда бір жағдайлар, менің жүрегімді айнытып, тәбетімді де ашпайды.		

Кестені пайдаланып, ұпай санын есептеңіз.

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Иә	1	0	0	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жоқ	0	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Егер сіз 9 ұпай (ұлдар үшін), 10 ұпай (қыздар үшін) көп жинасаңыз, сізге жүйке жүйесіне жүктелген, зорығуға және басқа да денсаулыққа әсер ететін жағымсыз факторларға байланысты қызмет түрлерінен алшақ болу қажет. Міндетті түрде дәрігерден мамандықты таңдау бойынша кеңес алуыңыз керек.

№2 тапсырма

Денсаулыққа аталғандай жағымсыз факторлар әсер ететін мамандық таңдауға мысал келтіріңіз. (екі-үш мамандық). Осы факторларды ескересіз бе?

Денсаулыққа әсер ету факторлары	Оларды алып жүретін мамандықтардың мысалдары
Күнделікті жүйке-жүйесіне әсер ететін күш	
Қарқынды, жұмыстың ырғағы	
Ыстықта не суықта, таза ауада, суық бөлмеде ұзақ мекендеу	
Шу және діріл	
Уыттандыратын заттың өнеркәсіптік шаң-тозаңы әсер етеді.	
Көздің көруіне ұзақ жүктеме.	
Түнгі уақытта жұмыс істеу қажеттілігі.	
Аяқпен көп уақыт жүру, бұлшық ет күші.	
Жарақаттануға қорқыныш сезімі.	

Алдағы уақытта қателіктерге ұрынбас үшін оқушылардың кәсіби ағартушылығын жүзеге асыру қажет. Оқушылардың мамандықтар туралы, оны алу жолдары туралы дұрыс көзқарастарын қалыптастыру үшін балаларды осы мамандықтармен таныстыру бойынша жүйелі, мақсатты жұмыс қажет. Осы тәрізді курстарды ұйымдастыруды жалпылау

тәжірибесінің жоқтығы осы бағдарламаны құрудың негізі ретінде себепші болды.

Білім алушыларды кәсіби ағарту олардың экономика мен әр түрлі мамандықтар салаларымен, сондай-ақ мамандық таңдау мен оны алу тәсілдерімен кеңінен таныстыруды болжайды.

Кәсіби ағарту үрдісінде білім алушылар мамандық әлемінде бағдарлануға көмектесетін, оның белгілі бір қызмет түріне қызығушылығын дамытатын білім алады.

Кәсіби ағарту нәтижесі білім алушылардың мамандық таңдау негіздері туралы ақпараттанушылығы, келесі білімдерді алуы болып табылады:

Мамандықтар әлемі және кәсіби білім беру түрлері туралы пәндердің негізгі әр түрлілігі, мақсаттары, еңбек құралдары мен шарттары туралы; кәсіби оқу орындары мен адамның типтілік болашақтық кәсіби өсуінің жүйелілігі туралы,

Еңбек және еңбек субъектісі туралы (қызметтің мақсаттары мен мотивтері туралы; қабілеттіліктері туралы, кәсіби қажеттілігі туралы, қабілеттерді дамытудың негізгі жолдары, өзін-өзі тәрбиелеу құралдары туралы; адамға мамандықтың қоятын талаптары туралы; еңбектік қарым-қатынасты құқықтық және адамгершіліктік нормаларда реттеу).

Кәсіби өзін-өзі анықтау үрдісімен байланысты нормалар, ережелер және типтілік қателіктер туралы

Таңдалған қызмет бағыты (түрі) туралы: пән ерекшеліктері, мақсаттары, еңбек құралдары, шарттары туралы; қызмет орнына сәйкес келетін күнделікті міндеттер, таңдап алынған мамандықтарға байланысты өмір салты және әлеуметтік орта туралы; осы мамандықты алуға болатын белгілі бір оқу орындары туралы.

Өзі туралы: кәсіби маңызды қасиеттер туралы; қалпына келтіру және жеңуге қажетті қасиеттер туралы; өзінің аса маңызды қызмет мотивтері туралы; әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туралы.

Мамандық таңдау кезінде міндеттерді шешудің негізгі ұстанымдарына, таңдалған мамандықтың нормаларға сәйкестігі туралы.

Аталмыш бағдарлама білім алушыларға берілген білімдердегі олқылықтарды жоюға көмектеседі.

Көрсетілген білімдер білім алушыларға әр түрлі жұмыс формалары мен тәсілдері: әңгімелер, дәрістер, кездесулер,

басылым беттерінде сөз сөйлеу, радио, теледидар, ғаламтор арқылы хабарланады.

Балалардың сұрағы көлденеңінен нөмірленгеніне назар аударыңыз.

Нұсқау. Әрбір адамның белгілі ойлау түрі анық болады. Осы сұрақ өзіңіздің ойлау үлгіңізді анықтап береді. Егер пікірге көнсеңіз, бланкке «+» көнбесеңіз «-» деп қойыңыз.

П- Д	А- С	С- Л	Н- О	К
1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15
16	17	18	19	20
21	22	23	24	25
26	27	28	29	30
31	32	33	34	35
36	37	38	39	40

1. Басқа біреуге айтып бергенше, өзімнің істегенім жеңіл.
2. Маған компьютерлік бағдарламаны құрастырған қызық болар еді.
3. Мен кітап оқығанды жақсы көремін.
4. Маған кескіндеме, мүсіндеме, сәулет өнері ұнайды.
5. Мен тіпті бөліп қалдырып қойған іс болса да, бір нәрсені жақсартуға тырысамын.
6. Егер маған затпен немесе суреттеп түсіндіріп берсе, жақсы түсінемін.
7. Мен шахмат ойнағанды жақсы көремін.
8. Маған өзімнің ойымды ауызша да, жазбаша да баяндап берген жеңіл.
9. Мен кітап оқығанда, оның кейіпкерлерін көз алдыма елестетемін.
10. Мен жұмысымды өз бетіммен жоспарлап жорамалдаймын.
11. Маған барлығын өз қолыммен істеген ұнайды.
12. Бала кезімде достарыммен хат алысу үшін шифрді өзім құрастыратынмын.

13. Мен айтылған сөздің мағынасына үлкен мән беремін.
14. Маған таныс әуендер есіме өткен жайттарды жиі түсіреді.
15. Әр түрлі нәрсеге қызығушылық адам өмірін байытады және жақсарта түседі.
16. Тапсырманы шешу арқылы өз қатемді түзетіп, байқап көру маған жеңіл сияқты.
17. Табиғатта физикалық көріністі талдау маған қызықтырақ.
18. Маған журналистердің теле-радио бағдарламаларын жүргізушілердің жұмыстары қызықтау.
19. Маған табиғатта жоқ заттар мен хайуандарды білу жеңіл.
20. Маған нәтижесінен гөрі қызмет барысы көбірек ұнайды.
21. Жастық шағымда маған бөлшектерден конструктор жинаған ұнайтын.
22. Мен (математика, физика) ғылымының дәлдігін артық деп есептеймін.
23. Маған бірқатар өлең жолдарының тереңдігі мен дәлдігі ұнайды.
24. Менің есіме таныс иістер өткен оқиғаларды түсіреді.
25. Маған өз өмірімді белгілі жүйеде бағындыру қиын.
26. Әуен естіген кезде би билегім келеді.
27. Мен математикалық формулалардың әдемілігін түсінемін.
28. Маған кез келген аудиторияда сөйлеген жеңіл.
29. Мен көрмелерге, спектакльдерге, концерттерге қатысқанды жақсы көремін.
30. Біреулер үшін айқын болса да, мен күмәнданамын.
31. Мен қолмен жасап шығаруды ұнатамын.
32. Маған ескі нышандардың мағынасын шешу қызық болар еді.
33. Маған тілдің грамматикалық құрылымын меңгеріп алу қиын.
34. Мен табиғат пен өнердің әдемілігін түсінемін.
35. Бір жолмен ғана жүруді ұнатпаймын.
36. Маған белсенділікті талап ететін жұмыс ұнайды.
37. Мен формулаларды, символдарды, шартты белгілерді есіме оңай сақтаймын.
38. Мен бір нәрсе айтқанда, достарым тыңдағанды жақсы көреді.
39. Маған әңгіменің, не фильмнің мазмұнын айтқан оңай.
40. Мен өз жұмысымның соңына жетпейінше, көңілім көншімейді .

Нәтижелердің өңдеуі. Бес лектегі қосу санын санаңыз да, қосынды санын бланктегі бос тордың ішіне жазыңыз. Әрбір лек ойлаудың белгілі түріне сәйкес болуы керек. Ұпай саны әрбір лектегі осы ойлау түрінің (0-2 – төмен, 3-5 – орта, 6-8 – жоғары) даму деңгейін көрсетеді.

1. Ақпаратты қозғалыс арқылы меңгеріп алатын, **тақырыпты әсерлі ойлау** адамдарға тән қасиет. Әлбетте, олар жақсы үйлестіретін қозғалысқа ие болады. Олардың қолмен жасалған заттары әлемді қоршап тұр. Олар машина жүргізеді, станоктардың қасында тұрады, компьютерлер жинайды. Солар арқылы ғана тамаша ойымызды жүзеге асыра аламыз. Мұндай ой спортшыларда, әртістер мен бишілерде жақсы дамыған.

2. **Абстрактілі-нышанды ойлау** - физика-теорияның, математиканың экономистердің, программистердің, аналитик ғалымдарға тән. Олар ақпаратты ұстап та, бере де алмайтын математикалық код, формула мен операция арқылы меңгеріп алады. Сондай гипотеза негізі игілікті ойлау ерекшеліктерімен көптеген салаларда ғылыми жаңалықтар ашылды.

3. **Ауызша-логикалық ой** - анық вербалды ой арқылы (латынша *verbalis* — ауызша) ерекшелендіреді. Ауызша дамыған ой арқылы ғалым, оқытушы, аудармашы, жазушы, филолог, журналист өздерінің ойын адамдарға жеткізіп, қалыптастыра алады. Мұндай шеберлік басшыларға, политиктер мен қоғам қайраткерлеріне қажет.

4. **Көрнекі бейнелі ойлау** көркемдік ұғымды адамдарда – суретшілер, ақын-жазушылар, режиссерлер ие бола алады. Ал сәулетшілер, кұрастырушы-дизайнерлер, суретшілер мен режиссерлер мықты дамыған көрнекі бейнелі ойлай алуы керек.

5. **Креативтік** — шығармашылық жағын ойлауға және тапсырмалардың ерекшелігін табуға көмектеседі. Бұл сирек кездесетін және де қайсы бір қызметтегі қасиеттері өзгермейтін ерекше адамдар.

Мұндай ойлау түрлері таза түрде сирек кездеседі. Әр түрлі ойлау көптеген кәсіптер үшін, мысалы психологқа қажет. Осындай ойлау түрін синтетикалық деп атайды.

Өзіңіздің ойлау қабілетіңізбен, тандап алған қызмет түрі мен білім алу профилін байланыстырыңыз. Ойыңыздың анықтығы қызметіңізді меңгеріп, бірқатар үстемдігін береді. Бірақ бәрінен

маңыздысы, сіздің кабілетіңізбен болашақ кәсібіңізге қызығушылық.

«Эрудит» әдістемесі

Мұндай әдіс оқу ішінде үдемелі ақыл-ой жұмысымен орындауды қажет етеді. Әдістемелік құрал 8-9 сынып оқушыларының ақыл-ойларын дамытып, тұжырымға келген негізгі ойлау барысын мектеп бағдарламасын меңгергендерін анықтауға арналған. Ол төрт тапсырмадан құралған, негізгі ойлау операциясының (үйлестікті көрсетіп, классификациясын, қорытындысын, заңдылығын іздестіру) физика-математикалық, табиғи-ғылымдық, қоғамдық және гуманитарлық пәндер циклындағы даму деңгейін ашып береді. Төртінші серияның тапсырмасы белгілі ақпараттың талдауы мен синтездік кабілеттілігін оқып білуіне бағытталған.

«Эрудит» әдістемесі әр түрлі топтағы оқушылардың жақсы оқуы үшін және әр түрлі бағдарламалар білім беру әдістерінің тиімділігін пайдаланады.

Мәтінмен жұмыс жасау да сабақ. Егер балаларды бір-бірден отырғызу мүмкіншілігі жоқ болса, онда психолог балалардың бір-бірінен көшірмеуін қадағалауы керек. Әрбір білім алушының партасының алдында тапсырма қағазымен жауап бланкі жатуы керек.

1. Үш сөз (не сөз тіркесі) берілген. Бірінші, екіншісі мағынасына қарай байланысқан. Төрт нұсқаның біреуін біріншісі екіншісіне сияқты, үшінші сөздің (не сөз тіркесінің) байланысқан мағынасын таңдаңыз. Бланкіге реттік санының жанына оның бір әрпін жазыңыз. Мысалы: Ұшқыш – ұшақ = машинист - ? Нұсқалары: а) жолаушы; б) пойыз; в) вагон; г) вокзал. Ұшқыш ұшақты жүргізеді, машинист – пойызды. Дұрыс жауап: «б».

1. Құл иеленуші – капиталистер – күндер - ...

а) құл иеленушілік қоғам; б) буржуазия;
в) жалдамалы жұмысшылар; г) тұтқындалғандар.

2. Байлық —кедейшілік =бекіністің тәуелділігі— ...

а) бекіністегі шаруалар; б) еркіндік;
в) теңсіздік; г) жеке меншік.

3. алғашқы қоғам — құл иеленушілік қоғам = құл иеленушілік қоғам — ...

- а) әлеуметтік қоғам; б) капиталистік қоғам;
в) демократтық кеңсе; г) феодалдық қоғам.

4. Роза — гүл = дәрігер — ...

- а) оқу; б) қызмет; в) мамандық; г) кәсіп.

5. Соғыс — өлім = жеке меншік — ...

- а) феодализм; б) капитализм; в) теңсіздік; г) құлдар

6. Өлең — поэзия = әңгіме — ...

- а) проза; б) жазушы; в) хикая; г) сөйлем.

7. Старт — финиш = кіріспе бөлім — ...

- а) тақырып; б) кіріспе; в) шарықтау шегі; г) эпилог.

8. Роман — тарау = өлеңдер — ...

- а) поэма; б) рифма; в) строфа; г) ритм.

9. есептік — реттік = етістік — ...

- а) тәуелдеу; б) әрекет; в) есімше; г) сөз таптары.

10. Етістік — тәуелдеу = зат есім — ...

- а) өзгерту; б) құрастыру; в) қолдану; г) септеу.

11. Колумб — саяхатшы = зілзала — ...

- а) табиғат құбылысы ; б) таудың құрылымы; в) атылу; г) құрбан болғандар

12. Солтүстік — оңтүстік = жауын-шашын — ...

- а) шөл; б) полюс; в) жаңбыр; г) құрғақшылық.

13. Папоротник - гүлдің тұқымы = қарағай — ...

- а) түйін; б) тұқым; в) өсімдік; г) шырша.

14. Өсімдік — сабақ = жасуша — ...

- а) бөлу; б) хромосома; в) дән; г) фермент.

15 Атмосфераның төменгі қысымы — жауын-шашын = циклонға қарсы— ...

а) күн райы ашық; б) циклон; в) найзағай; г) дымқыл.

16. Мүсін—үшбұрыш = заттектердің жайы — ...

а) сұйықтық; б) қозғалыс; в) қысым; г) су.

17. Төртбұрыш — жазықтық = куб — ...

а) жақ; б) қабырға; в) биіктік; г) көлем.

18. Диаметр — радиус = дөңгелек — ...

а) доға; б) сегмент; в) бөлік; г) шеңбер.

19. суық — ыстық = қозғалыс — ...

а) инерция; б) тыныштық; в) жылдамдық; г) өзара қимыл.

20. Қосылғыш — қосынды сан = көбейткіш — ...

а) айырмашылық; б) бөлгіш; в) туынды; г) көбейту.

II. Төрт сөз берілген, олардың үшеуі бір белгімен біріктірілген. Осы белгісі жоқ сөзді тауып, оны бланкіге жазыңыз. Мысалы: а) сиыр; б) ат; в) ит; г) қасқыр. Үш сөз үй жануарын белгілейді, төртіншісі – жабайы. Дұрыс жауап: «г».

21. а) құл иеленуші; б) құл; в) шаруа адамы; г) жұмысшы.

22. а) әлеуметтану; б) психология; в) педагогика; г) техника.

23. а) Кутузов; б) Суворов; в) Ушаков; г) Пирогов.

24. а) император; б) ақсүйек; в) хан; г) көсем

25. а) ООН; б) НАТО; в) ОБСЕ; г) АОЗТ.

26. а) көмекші; б) түбір; в) жұрнақ; г) жалғау.

27. а) Мақал-мәтел; б) өлең; в) поэма; г) әңгіме.

28. а) Ахматова; б) Блок; в) Васнецов; г) Гумилев.

29. а) кіріспе бөлім; б) сюжет; в) шешілуі; г) эпилог.

30. а) баяндау ; б) салыстыру; в) мінездеме; г) аңыз.

31. а) барометр; б) азимут; в) термометр; г) компас.

32. а) цитоплазма; б) қоректендіру; в) бойы; г) ашулану

33. а) Линней; б) Павлов; в) Микоян; г) Дарвин.

34. а) мед. қолқа ; б) тамыр; в) жүрек; г) күре тамыр.

35. а) көмірқышқыл газы; б) жарық; в) су; г) крахмал.

36. а) парабола; б) гиперболола; в) сынған; г) тік.

37. а) Сахаров; б) Алферов; в) Ландау; г) Пастернак.

38. а) ұзындық; б) метр; в) салмағы; г) көлем.

39. а) жылдамдық; б) тербеліс; в) салмағы; г) тығыздығы.

40. а) шеңбер; б) ромб; в) төртбұрыш; г) үшбұрыш.

III. Екі сөз берілген. Төрт нұсқаның ішінен екі сөз үшін ең маңыздысын таңдаңыз. Мысалы: қарағай – шырша. Нұсқаның жауабы:

а) өсімдік, б) табиғат, в) ағаш, г) қылқанжапырақты ағаш. Дұрыс жауап — «г», өйткені, бұл түсініктің маңызды қасиетін бейнелейді.

41. Феодализм — капитализм:

а) қоғамды құру, б) басқару формалары; в) теңсіздік; г) қоғамдық құрылым.

42. Радио — теледидар:

а) ақпаратты тапсыру әдістері; б) ақпараттың бұқаралық әдісі; в) ғылымның жетістігі; г) адамдарға әсер ететін формалар.

43. Ғылым - өнер: а) шығармашылықтың түрлері; б) парасат; в) мәдениет; г) адамның қызмет ететін әрекеттері.

44. Мектеп — институт: а) білім ; б) ғимарат; в) оқу орындары; г) білім алу әдістері

45. Монархия — демократия:

а) мемлекеттік қоғам; б) басқару формалары; в) үкімет; г) қоғамды орнату.

46. Ертегі — қисса: а) әдеби жанр; б) ойлап шығарылған; в) халықтың ауыз әдебиеті; г) әдеби туынды.

47. Пролог — кульминация: а) әдеби тәсіл; б) әдеби шығармашылықтың элементтері; в) көркемдік тәсілдер; г) мазмұндама әдістері

48. Етістік — сын есімдер: а) сөйлемнің басты мүшесі; б) сөз таптары;

в) сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі; г) лингвистикалық терминдер.

49. Классицизм — романтизм: а) стиль; б) жанрлар;

в) көркемдік стиль; г) өнерге қарай беталыс.

50. Анықтауыш—пысықтауыш: а) сөйлем мүшелері; б) сөз таптары;
в) сөйлем түрлері; г) сөзді анықтау.

51. Азия — Африка: а) ел; б) континенттер;
в) материктер; г) әлемнің бөлігі.

52. Жүрек— артерия: а) қантамыр мүшесі; б) анатомия;
в) қантамыр жүйесі; г) дене мүшесі

53. Бұлтты — жауын-шашын: а) табиғат көрінісі; б) жаңбыр;
в) ауа-райы; г) атмосфералық құбылыс

54. майлар — ақуыздар: а) биологиялық заттек; б) микроэлементтер;
в) органикалық заттек; г) дененің химиялық құрамы.

55. Канал — бөгет: а) гидроэлектростанциялар; б) су құрылысы ;
в) су айдыны; г) су тосқауылы.

56. Қосынды сан — туынды: а) математикалық терминдер; б) есептеу;
в) математикалық әрекеттің нәтижесі; г) есептеу нәтижесі.

57. Газ — сұйықтық: а) молекулалар; б) мүлік; в) химиялық заттек;
г) агрегаттық заттектің күйі.

58. Дифракция — интерференция: а) толқындық құбылыс; б) жарық толоқынының мінездемесі ; в) табиғат құбылысы; г) физикалық терминдер.

59. Ампер — вольт: а) электр қуаты; б) физикалық терминдер; в) электр тогының өлшем бірліктері; г) физик-ғалымдар.

60. Синус — косинус: а) квадраттық функциялар; б) тригонометриялық функциялар; в) жұпты функциялар; г) так санды функциялар.

IV. Белгілі ереже бойынша әр қатарда сандар орналасқан. Сіз бұл заңдылықты түсініп, сандық қатар жалғастыратын жауапты бланкіге жазуыңыз керек. Заңдылықты табу үшін, кейбір жағдайда арифметикалық әрекетті оймен орындау керек.

61. 6 9 12 15 18 21

62.	9	1	7	1	5	1
63.	2	3	5	6	8	9
64.	10	12	9	11	8	10
65.	1	3	6	8	16	18
66.	3	4	6	9	13	18
67.	15	13	16	12	17	11
68.	1	2	4	8	16	32
69.	1	2	5	10	17	26
70.	1	4	9	16	25	36
71.	128	64	32	16	8	4
72.	1	2	6	15	31	56
73.	31	24	18	13	9	6
74.	255	127	63	31	15	7
75.	3	4	8	17	33	58
76.	47	39	32	26	21	17
77.	174	171	57	54	18	15
78.	54	19	18	14	6	9
79.	301	294	49	44	11	8
80.	23	46	48	96	98	196

Нәтижені өңдеу. Өңдеуді мұғалім мен психолог жүргізеді. Ол дұрыс жауаптың есептелуімен жасалады, жауап сандық және сапалық анализбен қорытылады. Әрбір дұрыс жауапта 1 ұпай қосылып отырады. Анализ нәтижесі сапалы болса, әр түрлі оқу цикліндегі оқуды меңгерген оқушылар тобындағы дәреже айырмашылығы табылады. Әдістеме жолы құрылымына сәйкес болса, бланктегі 1-5 дейін қоғамдық ғылым сұрақтары орын алады, келесі бес жолда (6-10) – гуманитарлық ғылым, 11-15 – табиғат ғылымы, 16-20 – физика және математика. Цикл жауабын (15 мүмкіндіктің дұрыс жауап саны) тапқаннан кейін бос торға жазылады.

Төрт топтама бойынша (1 — «Аналогиялары», 2 — «Классификациялары», 3 — «Қорытуы», 4 — «Заңдылықтары» — «А», «К», «О», «З» әріптеріне сәйкес бланктің астына) дұрыс жауаптар санын есептеу мен салыстыру арқылы негізгі ойлағыштық операцияларын қалыптастыру дәрежесі анықталады.

Осы әріптердің жанына әрбір топтың астындағы бос тор жолына ұпай сандарын (20 мүмкіндігінше ішінен дұрыс жауап саны) жазылады. Жалпы (80 мүмкіншіліктен) оң жақтағы астыңғы төртбұрышта ұпай саны жазылып отырады. Сынып бес топқа бөлініп тест нәтижесі бойынша:

- 1) ерекше жақсы оқитындар — 10% сыналғандар санынан;
- 2) жақсы оқитындарға жақын — 20% сыналғандар санынан;
- 3) орташа оқитындар — 40% жалпы сандардан;
- 4) нашар оқитындар — 20 % жалпы сандардан;
- 5) оқымайтындар — 10 %. сыналғандар санынан.

Сіз келесі қорытынды сабақта өңделген бланкті балаларға қайтаруыңыз керек. Жеке әдістемелер бойынша білім беру бағдары туралы әсіресе, жұмысы бітпегенде, нұсқауларды бермеу керек деп жұмыстарын қайтарғаннан кейін, еске түсіріп отыру қажет, ешқашан бұл нәтижелерді дыбыстап оқуға болмайды, біріншіден, нәтижесі төмен балалардың жанын жаралайсыз, екіншіден, уақытыңызды босқа кетіресіз.

Бланк үлгісі

1	21	41	61
2	22	42	62
3	23	43	63
4	24	44	64
5	25	45	65
Қоғамдық ғылым			
6	26	46	66
7	27	47	67
8	28	48	68
9	29	49	69
10	30	50	70
Гуманитарлық ғылым			
11	31	51	71
12	32	52	72
13	33	53	73
14	34	54	74

15	35	55	75
Табиғат ғылымы			
16	36	56	76
17	37	57	77
18	38	58	78
19	39	59	79
20	40	60	80
Физика-математика			
А	К	О	З

Дұрыс жауап

1	В	21	А	41	Г	61	24
2	Б	22	Д	42	Б	62	3
3	Г	23	Д	43	Г	63	11
4	Г	24	Б	44	В	64	7
5	В	25	Г	45	А	65	36
Қоғамдық ғылым							
6	А	26	А	46	В	66	24
7	Г	27	А	47	Б	67	18
8	В	28	В	48	Б	68	64
9	Б	29	Б	49	Г	69	37
10	Г	30	Г	50	А	70	49
Гуманитарлық ғылым							
11	А	31	Б	51	Г	71	2
12	Г	32	А	52	А	72	92
13	Б	33	В	53	Г	73	4
14	В	34	В	54	В	74	3
15	А	35	Г	55	Б	75	94
Табиғат ғылымы							
16	А	36	В	56	В	76	14
17	Г	37	Г	57	Г	77	5

18	А	38	Б	58	А	78	2
19	Б	39	Б	59	В	79	4
20	В	40	А	60	Б	80	198
Физика-математика							
А	К	О	З				

Кәсіби бейімділіктің сұрақтары

Бұл әдістемені жете ұғыну өте қиын, сондықтан балаларда сұрақтар туындауы керек. Тесті орындау 10-15 минут алады. Балалар ұпайларын өздері санайды. Сұрақтарда нәтижені қысқаша талдау берілген, дегенмен, психолог өзінің мысалдарын қосуына болады.

Нұсқау. Өзінің кәсіби бейімділігін анықтау үшін, үш нұсқаның біреуін таңдаңыз — «а», «б» немесе «в» — оны бланкке белгілеңіз.

1. Өзімнің кәсіби қызметіме қажет:

- а) әр түрлі адамдармен қарым-қатынас;
- б) фильмдер түсіріп, кітап жазып, сурет салып, сахнаға шығу;
- в) есеппен айналысу, іс қағаздарын жүргізу;

2. Кітаптар мен көркемфильмдерде мені қызықтыратын:

- а) автордың ойын қадағалау мүмкіншілігі;
- б) көркем үлгі, жазушы не режиссердің шеберлігі;
- в) сюжет, кейіпкерлердің қимылы;

3. Мені Нобель сыйлығы қызықтырады:

- а) қоғамдық қызметте;
- б) ғылым саласында;
- в) өнер саласында.

4. Мен келісетін едім:

- а) бас механикке;
- б) экспедициялық бастыққа;
- в) бас бухгалтерге.

5. Болашақта адамдарды анықтайды:

- а) адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы;
- б) ғылыми жаңалық;
- в) өндірістің дамуы.

6. Егер мен бастық болсам, айналысатын едім:

- а) достықты құрып, ұжымның бірігуімен;
- б) жаңа технологияның өндірілуімен.

7. Мені техникалық көрмеде қызықтыратын:

- а) экспонаттардың ішкі құрылымы;
- б) олардың практика жүзінде қолданылуы;
- в) экспонаттардың сыртқы түрі (түр-түсі, формасы);

8. Әуелі адамдардан бағалайтыным:

- а) достық пен қайырымдылықты;
- б) төзімділік пен шыдамдылық;
- в) міндеттілік пен ұқыптылық.

9. Бос уақытта:

- а) әр түрлі тәжірибе мен эксперименттер жүргізу;
- б) өлең жазып, әуен құрастырып не сурет салу;
- в) өзімді жаттықтыру.

10. Шетелде мені қызықтыратын:

- а) бөтен елдің тарихы мен мәдениетімен танысу мүмкіншілігі;
- б) экстремалдық туризм (альпинизм, виндсерфинг, тау шаңғысы);
- в) іскерлік қарым-қатынас.

11. Маған әңгімелесу қызығырақ:

- а) адамдармен қарым-қатынас туралы;
- б) жаңа ғылыми гипотеза туралы;
- в) жаңа машина және компьютердің модельдері туралы

12. Егер менің мектебімде үш қана үйірме болса, мен таңдайтын едім:

- а) техникалық;
- б) музыкалық;
- в) спорттық.

13. Мектепте көңіл бөлетін:

- а) мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына;
- б) оқушылардың денсаулығына қарайласып, спортпен айналысуларына;
- в) тәртіпті нығайту.

14. Мен үлкен сүйіспеншілікпен қараймын:

- а) ғылыми танымал фильмдер;
- б) мәдениет пен өнер туралы бағдарламалар;
- в) спорттық бағдарламалар.

15. Мен жұмыс істейтін едім:

- а) балалармен не құрдастармен;
- б) машиналармен, механизмдермен;
- в) табиғат нысандарымен.

16. Мектепке қажетті:

- а) бөтен адамдармен тығыз қатынаста болу;
- б) білім беру;
- в) жұмыстардың дағдыларын үйрету.

17. Өмірде ең басты:

- а) шығармашылықпен айналасу мүмкіншілігі;
- б) салауатты өмір салтын ұстану;
- в) өз ісінді ұқыпты жоспарлау.

18. Мемлекет қамқорлыққа алу керек:

- а) азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғау туралы;
- б) ғылым мен техниканың жетістігі туралы;
- в) азаматтардың материалдық көмегі.

19. Маған ұнайтын пән:

- а) еңбек;
- б) дене шынықтыру;
- в) математика.

20. Маған қызық болатын еді:

- а) тауардың өтімімен айналасу;
- б) өнімді әзірлеу;
- в) тауар өнімін жоспарлау.

21. Мен мақалаларды оқуым керек:

- а) белгілі ғалымдар және олардың ғылыми жаңалықтары;
- б) қызықты ойлап тапқан жаңалықтар;
- в) жазушылар, суретшілер, музыканттардың өмірі мен шығармашылығы туралы;

22. Бос уақытта:

- а) оқып, ойланып, әңгімелесуді;
- б) бір нәрсені қолмен жасап шығару, тігу, өсімдіктерге, жануарларға қарағанды;
- в) көрме, концерт, музейлерге барғанды жақсы көремін.

23. Қызықтыратын хабарламалар:

- а) ғылыми жаңалықтар туралы;
- б) көркемдік көрмелер;
- в) экономикалық жағдайлар туралы.

24. Мен мына жұмыстарды тәуірлеу деп есептеймін:

- а) көп адамдар жүрген ғимараттарды;
- б) ерекше жағдайларда;
- в) әдеттегі бөлмеде.

Өңдеу. Әр алты бағанадағы қоршалған әріптің санын есептеңіз де, астындағы жолдағы торға осы алты санды жазыңыз.

- 10–12 ұпай — анық кәсіби бейімділік;
- 7–9 ұпай — қызметтің бір түріне ғана бейімділік;
- 4–6 ұпай — кәсіби бейімділіктің әлсіздігі;
- 0–3 ұпай — кәсіби бейімділіктің жоқтығы;
- Алты бағана — бұл қызметтің алты түрі.

I — жұмысқа адамдармен бірге бейімділік. Білім берумен, тәрбиелеумен, (тұрмыспен, медицинамен, анықтама ақпараттарымен) жұмыс істейтін, басқару органдарымен байланысты мамандықтар. Олардың көңіл-күйлерін, ниеттерін түсінуімен, адамдармен тіл табыса алу қабілеттіктерімен, тығыз қатынаста болуымен ерекшеленген адамдар осы топтағы табысты мамандар.

II — зерттеушілік (зияткерлік) жұмысқа бейімділік. Ғылыми, зерттеушілік қызметіне байланысты мамандықтар. Ғалымдар өзіндік пікірі бар, аналитикалық жатық ойларымен, тәуелсіздігімен, тиімділігімен ерекшеленеді.

III — тәжірибелік қызметке бейімділік. Мұндай мамандық өте кең таралған: темірді өндіріп шығару, монтаж, ғимараттар мен құрылымды жөндеу және механизммен жұмыс істеу, әр түрлі материалдарды өңдеу; көлікті жүргізе алу; өнімдерді жасап шығару.

IV — қызметтің эстетикалық түріне бейімділік. Шығармашылыққа бейімді мамандықтар өнертапқышқа, музыкаға, көркем әдебиетке, актерлік шеберлікке байланысты. Мамандығы шығармашылыққа жақын адамдар өзіндік тәуелсіздігімен ерекшеленеді.

V — қызмет түрінің айрықшаға бейімділігі. Спорттық дайындыққа, саяхаттыққа, экспедициялық жұмысқа, күзет және жедел іздестіру қызметіне, әскер қызметіне байланысты мамандықтар, денсаулыққа ерекше көңіл бөлуді талап етуін ұсынады.

VI — қызметтің жоспарлы-экономикалық түріне бейімділігі. Есептеу мен жоспарлауға (бухгалтер, экономист), іс қағаздарымен, мәтіндерді анализдеу және оны өзгертуге (редактор, аудармашы, лингвист); бейнені кестелеу объектісіне (сызушы, топограф) байланысты мамандықтар. Бұл мамандықтар адамдардың ұқыпты және жинақы болуын талап етеді.

Нәтижеге талдау жасау. Нәтижесін өңдеуден кейін, психологтың алдында оларды анализдеп, қорытындылау тапсырмасы тұр. Бір немесе бірнеше бағытқа білім беру бір топ білім алушылардың «Бағыт-бағдарға» қызығушылықтарын

білдіргенін анықтайды. «Бағыт-бағдар» әдістемесінің шәкілдері толықтай білім беру бағдарына сәйкес деп, диагностика нәтижесінің анализін ықшамдайды.

«Бағыт-бағдар» әдістемесі	Білім беру бағыты
1 — физика және математика;	1. Физика-математикалық.
2 — химия және биология;	2. Жаратылыстану – ғылым (1 — физика және химия), (2 — биология және
3 — радиотехника және электроника;	география)
4 — механика және құрастыру;	3. Әлеуметтік- экономикалық.
5 — география и геология;	4. Гуманитарлық.
6 — әдебиет және өнер;	5. Филологиялық.
7 — тарих және саясат;	6. Ақпараттық- технологиялық.
8 — педагогика және медицина;	7. Агротехнологиялық.
9 — кәсіптік және үй шаруашылығы ;	8. Индустриалдық- технологиялық.
10 — спорт және әскери іс.	9. Көркем-эстетикалық. 10. Спорттық – қорғаныс.

Осыларды анықтап, дәлелдеген кәсіби бейімділік Сұрақ-жауап жұмысының нәтижесі. Спорттық-қорғаныс бағытын таңдаудың себебі де бар, егер осындай «Бағыт-бағдар» әдістемесі бойынша (оныншы бағана) спорт пен әскери іске қызығушылықты білдіргендігі сұрақ-жауап бойынша кәсіби бейімділік (бесінші шәкіл) қызмет түрінің экстремалдық бейімділігін нығайтады. Жасөспірімнің гуманитарлық бағытын көрсететін педагогика мен медицинаға қызығушылығы (кәсіби бейімділігі сұрақ-жауап бойынша бірінші шәкілде) адамдармен бірге («Бағыт-бағдар» әдістемесі бойынша сегізінші бағана) жұмыстың бейімділігін дәлелдейді.

Негізгі ойлау функциясын қалыптастыру деңгейі және оқу бағдарламасының бөлек циклдегі меңгеру дәрежесін «Эрудит» әдістемесінің нәтижесі бағалайды. Ойлау түрін мінездің бірбеткейлігі анықтайды. Абстрактілі-нышандық ойды білдіретін бірқатар физика-математикалық пәндік циклға, ауызша-логикалық ой – гуманитарлық пәндік циклға, көрнекілік-көркемдік ой –

қызметтің эстетикалық түріне, пәндік-пәрмендік ой – практикалық жұмыс және қызметтің айрықша түрі бейімділігін көрсетеді.

Жеке әдістемелердің нәтижелерін бір әдістемеден шыққан, ақпараттарды, әдетте, басқалармен қайтадан жабылып және дәлелденеді, бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды.

Білім алушыларға белгілі білім беру бағдарының ұсыныстарын беріп, әр түрлі жоспарлы әдістеменің төртеуі байланысса, кәсіби қызығушылықтың ең анық сипаттамаларымен жасөспірімдердің бейімділігі анықталады. Білім алушыларды білім беру бағдары бойынша бөлсе, диагностиканың нәтижесі қалай байланысатынын қарастырамыз.

Білім беру бағдары	Кәсіптік сауалнама	Ойлау үлгісінің сауалнамасы	«Эрудит» әдістемесі
Физика-математикалық	Зерттеу қызметінің (интеллектуалды) бейімділігі	Абстрактілі-нышандық пәндік-әсерлі	Физика және математика, «Зандылықты іздеу» «Қондыру аналогиясы»
Жаратылыстану – ғылыми (физика және химия)	Зерттеу қызметінің (интеллектуалды) бейімділігі	Абстрактілі-нышандық пәндік-әсерлі	Физика және математика Жаратылыстану-ғылыми «Аналогия» «Зандылықты іздеу»
Жаратылыстану – ғылыми (биология және география)	Зерттеу қызметінің (интеллектуалды) бейімділігі	Абстрактілі-нышандық пәндік-әсерлі	Жаратылыстану-ғылым «Қондыру аналогиясы» «Зандылықты іздеу»
Әлеуметтік-экономикалық	экономикалық жоспарлы қызметінің бейімділігі	Абстрактілі-нышандық пәндік-әсерлі	Қоғамдық ғылым «Аналогиялар» «Қорыту» «Классификация»
Гуманитарлық	Адамдармен	Абстрактілі-	Қоғамдық ғылым

	жұмыс істеу бейімділігі	нышандық пәндік-әсерлі	Гуманитарлық ғылым «Аналогиялар» «Қорыту» «Классификация»
Филологиялық	Қызметтің эстетикалық түріне бейімділік	Ауызша-логикалық Көрнекілік-көркемдік	Гуманитарлық ғылым «Аналогиялар» «Қорыту» «Классификация»
Ақпараттық-технологиялық	Зерттеу қызметінің (интеллектуалды) бейімділігі	Абстрактілі-нышандық пәндік-әсерлі	Физика және математика» «Зандылықты іздеу»
Агро-технологиялық	Зерттеу және экстремалды қызметтің бейімділігі	Абстрактілі-нышандық пәндік-әсерлі	Жаратылыстану-ғылым «Зандылықты іздеу»
Индустриалды-технологиялық	Тәжірибелік қызметке бейімділік	Пәндік-әсерлі Көрнекілік-көркемдік	«Зандылықты іздеу»
Көркем-эстетикалық	Эстетикалық қызметке бейімділік	Көрнекілік-көркемдік пәндік-әсерлі	Гуманитарлық ғылым
Спорттық-қорғаныс	Экстремалды қызметке бейімділік	Пәндік-әсерлі	

Білім беру бағытын таңдап алу үшін маңызды шешімді қабылдау, диагностиканың негізгі нәтижесі бейнеленген, қысқа психологиялық суретті бейнені тұжырымдайды. Білім алушылар үшін түсінікті, сауатты, қатесіз жазылуы керек.

Толтырылған бланкті көрсетіп, оларды таңдап алған технологиясымен таныстыру, нәтижесі және мақсаты туралы ата-аналарға хабарлау қажет. Профильді бағдарлау сұрақтарында ересектердің жауапкершілікпен және келісіп әрекет етуі маңызды,

әйтпесе, қарама-қайшы қақтығысқан ақпараттардан жасөспірімдерге түсініксіз болады. Мамандықты таңдауда шешім қабылдау үшін, білім алушының ықылас-ниеті қажет, тек қана психологиялық диагностика жүргізу аздық етеді.

Қорытынды

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы кәсіби бейімділік – бұл балаларға мамандықты таңдауға саналы түрде оларды дайындау үшін олардың жеке және қоғамдық қызығушылығын есепке ала отырып, педагогикалық ықпал жасау жүйесі. Бұл тапсырманы шешу – өмірде өздерінің орнын дұрыс анықтай білуге көмектесу және де еңбек қорын тиімді пайдалануға жағдай жасау.

Өзіңе де, субъекті болашақ кәсіби қызметіңе де заманауи тәсілмен оқушылардың кәсіби бейімделуін кешендегі әдістердегідей қарастырады. Қосымша білім беру педагогтарының тәжірибелік жұмыстарының талдауы балалардың кәсіби бейімделуі бойынша педагогтардың негізгі бағытындағы жұмысын белгіледі, оларға жататындар:

- мамандық туралы білімдерін кеңейту;
- қаланың еңбек және кәсіби нарқымен таныстыру;
- сана-сезімін дамыту және әр түрлі қызметтің орындалуына дайындығы;
- еңбектегі мәнді тәрбиелік қарым-қатынас;
- мектептегі білім беру баспалдағы келесі кәсіптік бейімделу қызметіне дайындық.

Білім алушылардың кәсіби бейімделу әдістемесінде білім беру мен тәрбиелік тапсырмалар және балаларға арналған қызықты формаларды шешудің түрлері, қосымша білім беру педагогтарына қажетті көмекші ойын тәсілдері мен жаттығулар пайдаланылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абрамова С.Г., Лебедев А.Ю., Москаленко О.В. т. б. Мектепте білім алушылардың оқу бағдарын анықтаудың әдістемелік жиынтығы - 1993, 85-бет.
2. Алдибаева Т.А. , Хавайдарова М.М.Бейіналды дайындықты ұйымдастыру сұрақтары. Алматы, «Ашық мектеп», мақалалар жинағы, 2008.
3. Айтбаева Н., Бекмолдаева Р.Б., Жетписбаева Г. Қазіргі жағдайда профильді білім беруді талдау.// Ғылым мен білімнің қазіргі кезеңдегі келелі мәселелері – 2012 -№6.(қосымша «Педагогикалық ғылымдар») – 44-бет.
4. Абдыкаримов Б.А., Мамерханова Ж.М., Соколова М.Г.Курсты оқытудың әдістемелік оқулығы «Профильді оқытудың педагогикасы.
5. Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Астана, 2012.
6. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Ростов-на-Дону: Феникс,1996.
7. Кунакова К.У. и др. Методические рекомендации по организации профильного обучения в школах Республики Казахстан. – Алматы, 2006. – 32 с.
8. Кривых С.В., Панова Н.В. Психологическое сопровождение предпрофильной подготовки. СПб.: ИОВ РАО, 2006.
9. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан /МОиН РК, Респ.науч.практ.центр 12-летнего образования. - Астана, 2006. -19 с.